1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында Жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламентінің (бұдан әрі – Регламент) мақсаты – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясатын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлеріне арналған «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандартын іске асыру және ол ҚМГ ішкі құжаты болып табылады.

1.2. Регламент талаптары КҚ-ны пайдалану және оған қызмет көрсету барысында жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, жүктерді тасымалдау кезінде қызметкерлердің жарақаттануы мен залалдың ықтимал тәуекелдерін төмендетуге, сондай-ақ КҚ-ны пайдаланудың қоршаған орта мен инфрақұрылымға теріс әсерін азайтуға бағытталған.

1.3. Регламентте КҚ-ны пайдалану және оған қызмет көрсету барысында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ең аз талаптар баяндалған.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының осы Регламентті қолдануы ұқсас регламент әзірлеу және бекіту немесе ұйымның ішкі құжаттарын Регламентке сәйкестендіру арқылы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ұқсас регламенттерімен және ішкі құжаттарымен салыстырғанда осы Регламентте қамтылған талаптар төмендетілмеуі тиіс.

2.2. Мердігерлік ұйымдар Жұмыскерлерінің осы Регламенттің талаптарын сақтау жөніндегі жауапкершілігі тиісті мердігерлік шартпен регламенттеледі. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар осы Регламенттің талаптарын басшылыққа ала отырып, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау кезінде шарт жасасу кезінде мердігерлік ұйым үшін осы міндеттемелерді айқындауға жауапты болады.

2.3. Осы Регламент талаптары ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлері мен КҚ-ға белгіленген тәртіппен қолданылады.

5.1. (1, 2, 3, 4-бөлімдер), 5.2. (1, 2, 3, 4, 5-бөлімдер), 5.3. (1, 2, 3, 4, 5-бөлімдер), 5.4. (1, 2, 4, 5, 6-бөлімдер), 5.5. (1, 2, 3, 4, 5-бөлімдер), 5.6. (3-бөлім) тармақтарда көрсетілген осы Регламенттің талаптары, егер жасалатын шарттарға осы талаптар енгізілетін болса, КҚ-ны пайдалана отырып, белгіленген тәртіппен ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарына жұмыстарды орындайтын/қызметтер көрсететін Мердігерлерге/Қосалқы мердігерлерге қолданылады.

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Регламентте мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚМГ компаниялар тобы	ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғалар.
Кәсіпішілік автомобиль жолдары (кәсіпішілік жолдар)	Кәсіпорындар мен ұйымдардың балансындағы және олардың өндірістік, технологиялық тасымалдарына, өндірістік объектілер мен жалпы желі жолдарының кірме жолдарына қызмет көрсетуге арналған жолдар. Олар кірме жолдар, технологиялық, шаруашылықіші, қызметтік, патрульдік және т.б. болып бөлінеді.
ЖЖҚ	Жол жүру қауіпсіздігі
Өндірістік қауіпсіздік департаменті (ӨҚД)	ҚМГ көліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жауапты құрылымдық бөлімшесі және ҚМГ компаниялар тобындағы бизнес-процесс иесі
ЕҚжҚ	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
ККБМЖ	ЖНСЖ жаһандық навигациялық спутниктік жүйелер немесе GPS негізінде көлік құралы мониторингінің борттық жүйесі
Газ отындық баллон	Сұйытылған мұнай газы немесе сығылған табиғи газы бар ыдыс, ол өзі орнатылған автомобиль көлік құралының қозғалтқышын отынмен қамтамасыз етеді.
Жүргізуші (машинист)	ҚМГ компаниялар тобының мүддесінде қызметтер көрсететін/жұмыстарды орындайтын, КҚ немесе арнайы техниканы басқаратын Қызметкер немесе Мердігерлік ұйымның/үшінші тұлғаның қызметкері

ГБЖ (газды баллон жабдығы)	Қозғалтқышты газ тәрізді отынмен қоректендіретін жабдық, баллондарды қоса алғанда, агрегаттардың, элементтер мен тораптардың жиынтығы, баллондардың монтаждық бұйымдарының жиынтығы, жалғау құбырлары, электр жабдығы және газ отынымен істейтін КҚ жұмысын қамтамасыз ететін электрондық құрылғылар
Жол	Көлік құралдарының қозғалысы үшін жабдықталған немесе бейімделген және пайдаланылатын барлық бөлінген жер жолағы не жасанды құрылыстың үстіңгі беті. Жол бір немесе бірнеше жүру бөлігінен, сондай-ақ трамвай жолдарынан, аяңжолдардан, жол жиектерінен және, бар болса, бөлу жолақтарынан тұрады
ЖКО	Жол-көлік оқиғасы
Қорғаныштық жүргізу	Жол қозғалысына қатысушылардың кез келген әрекетіне және кез келген жол және ауа райы жағдайларына қарамастан, ЖКО мен авариялардың азайтуға мүмкіндік беретін біліктер, дағдылар
Заңнамалық талаптар	Халықаралық конвенцияларды, стандарттар мен шарттарды, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерді қоса алғанда, нормативтік құқықтық және рұқсат беру құжаттарындағы талаптар
ҚМГ Өмірлік маңызды қағидалары	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлеріне арналған «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандарты
ИТҚ	Инженерлік-техникалық қызметкерлер
HSE KMG ақпараттық жүйесі	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік қауіпсіздік деректерін басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесі
M1 санаты	Жолаушылар тасымалы үшін пайдаланылатын және жүргізуші орнынан басқа сегіз орыннан аспайтын көлік құралдары – жеңіл автомобильдер
N1 санаты	Техникалық рұқсат етілген максималды салмағы 3,5 тоннадан аспайтын жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдары.
БТП	КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйін тексеруге арналған бақылау-техникалық пункті
Тұрақты желі маршруттары	Алдын ала белгіленген аялдамаларда жолаушылар отырғызатын/түсіретін (жүктерді және/немесе жабдықтар тиелетін және түсірілетін), белгіленген қозғалыс маршруттары бойынша белгілі бір уақыт

	аралығы арқылы көліктік тасымалдау жүзеге асырылатын маршруттар
Қалааралық көліктік тасымалдар	Қала (немесе өзге елді мекен) шегінен тыс 50 км-ден астам қашықтыққа жүзеге асырылатын кез келген көліктік тасымалдар
Халықаралық көліктік тасымалдар	Кемінде бір мемлекеттік шекараны кесіп өтетін кез келген көліктік тасымалдар
Механикалық көлік құралы (КҚ)	Мопедтен басқа, қозғалтқышпен қозғалысқа келтірілетін көлік құралы. Термин кез келген тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға да қолданылады
Жолдың көрінуінің жеткіліксіздігі	Тұман, жаңбыр, шаң, қар жауу және сол сияқты жағдайларда, сондай-ақ ымырт шақта жолдың көрінуі 300 м кем болуы
Жолдардың қауіпті учаскелері (қауіпті учаскелер)	Жол-көлік оқиғаларының туындау қаупі бар немесе олардың салдарының аса ауыр болатын автомобиль жолдары учаскелері. Жол жүрген кезде жағдайға қарай шаралар қабылдауды талап ететін, сондай-ақ қозғалыс режимдерінің елеулі өзгеруіне байланысты және/немесе тиісті жол белгілері орнатылған немесе орнатылуы тиіс немесе өзге де ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жүргізілуі тиіс автомобиль жолдары учаскелері
Қауіпті жүк	Тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде және сақтау кезінде өздеріне тән қасиеттеріне байланысты техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың жарылысына, өртенуіне немесе бүлінуіне, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына және ауруына себеп болуы мүмкін, қоршаған табиғи ортаға зиян келтіруі мүмкін кез келген заттар, материалдар, бұйымдар, өндірістік және өзге де қызметтің қалдықтары қауіпті жүктер деп танылады.
Объект	Өндірістік қызметте пайдаланылатын және ҚМГ компаниялары тобы аумақтарында (келісімшарттық аумақтарда) орналасқан ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдықтар мен өндірістік қондырғылар;
КҚ техникалық жай-күйіне жауапты адам	Автоколонна бастығы, гараж меңгерушісі, механик немесе КҚ-ны желіге шығаратын және КҚ техникалық жай-күйіне жауапты болатын кез келген басқа лауазымды тұлға
ӨҚ және ЕҚОҚ	Өндірістік қауіпсіздік, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы, өнеркәсіптік, өрт және көлік

	қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар, сәйкестікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (шығарындыларды, төгінділер мен қалдықтарды басқару), табиғи ресурстарды (жануарлар және өсімдіктер әлемі) ұтымды пайдалану сияқты бағыттарды қамтитын өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің бағыты
Мердігер/Қосалқы мердігер (Мердігер ұйым / Қосалқы мердігерлік ұйым)	Келісілген талаптарға, мерзімдерге және шарттарға сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымымен жасалған шарт бойынша КҚ мен арнайы техниканы пайдаланып, белгілі бір жұмысты орындайтын/қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға
ЖЖЕ	Қазақстан Республикасының Жол жүру ережелері
Кірме жолдар	Көлік құралдарының кедергісіз және қауіпсіз қозғалысын және олардың тәуліктің кез келген мерзілінде еркін маневр жасауын қамтамасыз ететін жүктерді және жабдықтарды тиеу және түсіру пункттеріне, жолаушыларды отырғызу және түсіру орындарына, мұнай кен орындарындағы технологиялық көліктің жұмыс орындарына және басқа да орындарға апаратын автомобиль жолдары кесінділері
Жұмыскер	ҚМГ компаниялар тобының ұйымымен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға
Желілік басшылар	Қандай да бір қызмет түрінің тікелей орындаушыларын тікелей басқаратын лауазымды адам (мысалы, директор, цех бастығы, мастер, бригадир және т.б.)
ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлері)	Басқарма төрағасы және мүшелері
Бизнес-бағыт/ қызмет бағытының басшысы	Басқарма төрағасының орынбасарлары, ҚМГ Басқарма төрағасына тікелей бағынатын және есеп беретін департаменттер директоры (CEO-1)
Құрылымдық бөлімшелердің басшылары	Департамент директорлары, басқармалардың, бөлімдердің, қызметтердің, диспетчерлік-талдау орталығының басшылары (CEO-2)
Сұйытылған мұнай газы (СМГ), Сұйытылған көмірсутек газы (СКГ)	Газбаллонды КҚ үшін отын ретінде жеткізілетін пропан-бутан фракцияларының қоспасы
Жеке қорғаныш құралдары (ЖҚҚ)	Жұмыскерлерді зиянды және / немесе қауіпті өндірістік факторлар әсерінен қорғауға арналған

	жеке және ұжымдық қорғаныш құралдары, оның ішінде арнайы киім, арнайы аяқ киім (киім, аяқ киім, бас киім, қолғап)
ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі	ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы қызметті бағыттау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда ҚМГ компаниялар тобы ұйымының көлік қауіпсіздігі саласындағы құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін маман
Мамандандырылған ұйым	ҚМГ компаниялар тобы ұйымымен шарт жасасқан, медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйым
Арнайы техника (мамандандырылған техника)	Белгілі бір жұмыс / қызмет түрін орындау / көрсету үшін пайдаланылатын ауыр техниканы қоса алғанда, құрылғылармен, механизмдермен немесе жабдықпен (техникалық құралдар кешенімен) жабдықталған механикалық көлік құралы
Уәкілетті органдар	Жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулық сақтау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органдар**,** сондай-ақ оның аумақтық органдары

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. **ҚМГ басшылығы, Бизнес-бағыттардың басшылары, Құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары** мыналар үшін жауапты болады:

1) Қызметкерлерді Объектілерде көлік құралдарын пайдаланумен байланысты тәуекелдерден қорғау;

2) көлік қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық талаптарға, ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаттарына, ұлттық және халықаралық стандарттарға, IOGP ұсынымдарына сәйкес көлік қауіпсіздігі саласындағы барлық қажетті ресурстарды басқаруды қамтамасыз ету;

3) көлік қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

4) көліктік тасымалдаумен айналысатын қызметкерлерді міндетті оқытуға жағдай жасау және ұйымдастыру;

5) Регламент талаптарының орындалуын бақылау;

6) қажетті түзету шараларын қабылдау;

7) Регламент талаптарын ҚМГ компаниялар тобы мүддесінде қызметтер көрсететін/жұмыстар орындайтын мердігерлермен және қосалқы мердігерлермен арада жасалған шарттарға енгізу.

4.2. **Өндірістік қауіпсіздік департаменті** мыналар үшін жауапты болады:

1) Заңнамалық талаптарды, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясатты, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен оларға ұқсас заттарға қатысты саясатты, ҚМГ Өмірлік маңызды қағидаларын, ҚМГ көлік қауіпсіздігі саласындағы ішкі құжаттарын сақтау және орындау;

2) нәтижелілік мониторингі және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін көлік қауіпсіздігі саласындағы функционалдық стратегияны, саясатты және ҚНК әзірлеу және енгізу;

3) HSE KMG АЖ-да көлік қауіпсіздігі саласындағы есептілікті қалыптастыру;

4) көлік қауіпсіздігі саласындағы корпоративтік бағдарламалар мен бастамаларды әзірлеу, олардың енгізілуін бақылау және мониторингілеу;

5) көлік қауіпсіздігі саласындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау жөніндегі қосымша іс-шаралар (ТЖ кезінде, эпидемиялар мен пандемиялар кезінде);

6) ҚМГ компаниялар тобында «Қорғау» картасының енгізілуін бақылау және мониторинг жүргізу;

7) ҚМГ компаниялар тобындағы көлік қауіпсіздігі саласындағы әлеуетті тәуекелдер туралы қызметкерлерді хабардар ету;

8) Регламентті өзектендіру және жетілдіріп отыру.

4.3.**Желілік басшылар** мыналар үшін жауапты болады:

1) Регламентті енгізу және іске асыру;

2) ҚҚ техникалық жай-күйіне жауапты адамдардың, Мамандандырылған ұйымның жүргізушілері мен медицина қызметкерлерінің өз міндеттерін және Объектілерде көлік қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық талаптарды сақтауы және орындауы;

3) қызметкерлерді көлік қауіпсіздігі саласындағы әлеуетті тәуекелдер туралы хабардар ету және ескерту шараларын қабылдау;

4) Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды бағалау/анықтау бойынша тексерулерді (аудиттерді) ұйымдастыру және жүргізу, оларды жоюды/азайтуды бақылау және мониторингілеу;

5) ЖКО тергеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;

6) «Қорғау» картасын ұйымдастыру және қолдану.

7) қызметкерлер арасында көлік қауіпсіздігі бойынша ҚМГ корпоративтік бағдарламалары мен бастамаларын енгізу («Стоп – ЖКО» іс-шаралар жоспары шеңберінде: «Қауіпсіз жол», «Жол қауіпсіздігі апталығы», «Үлгілі жүргізуші», «Қауіпсіздік белдігі» және т.б.);

4.4.**ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі** көлік қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың орындалуына, оның ішінде көлік қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру үшін, соның ішінде мыналар үшін жауапты болады:

1) өз құзыреті шеңберінде Регламенттің талаптары мен ережелерінің орындалуы;

2) электрондық пошта және(немесе) нұсқамалар арқылы Регламенттің негізгі талаптары мен ережелерін түсіндіру және қызметкерлердің назарына жеткізу;

3) белгіленген тәртіппен ішкі тексерулерді (аудиттерді) және сыртқы инспекциялық тексерулерді ұйымдастыру және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының және(немесе) Мердігерлік ұйымның бірінші басшысына ұсыныстар мен ескертулер енгізу, сондай-ақ ұсынылатын түзету шараларын одан әрі қарау;

4) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы оқиғалар туралы хабарлау және оларды тергеп-тексеру тәртібінің (KMG-PR-2235.2-13) ережелеріне сәйкес компания қызметкерлерінің және (немесе) Мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің қатысуымен болған ЖКО туралы ҚМГ компаниялары тобының бірінші басшысын (немесе оны алмастыратын тұлғаны), ӨҚД хабардар ету.

4.5. **КҚ техникалық жай-күйі үшін жауапты адамдар** көлік қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін, соның ішінде мыналар үшін жауапты болады:

1) өз құзыреті шеңберінде Регламенттің талаптары мен ережелерінің орындалуы;

2) жолаушылар тасымалын, қауіпті, ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды жоспарлау, дайындау және ұйымдастыру кезінде заңнамалық талаптардың және ҚМГ шкі құжаттары талаптарының сақталуы;

3) КҚ құралдарын техникалық жарамды күйде ұстау және міндетті техникалық байқаудан уақытылы өткізу;

4) желіге техникалық ақауы бар және(немесе) толық жинақталмаған көлік құралдарын жібермеу.

4.6. **ҚМГ компаниялар тобы ұйымының Жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі инженері** жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және үйлестіруге, Регламент талаптарын орындауға, оның ішінде:

1) жүргізушілердің (машинистердің) көлік қауіпсіздігі, ЕҚжҚ, еЕңбек және демалыс режимдері саласындағы заңнамалық талаптарды, сондай-ақ КҚ басқаруға жіберу ережелерін сақтауы;

2) жол жүру қауіпсіздігі және КҚ қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша жүргізуші құрамын оқытуды, нұсқама жүргізуді, тағылымдамадан өткізуді және білімін тексеруді ұйымдастыру және бақылау;

3) ЖКО себептерін және ЖЖЕ бұзуды талдау, ЖКО тергеуге қатысу және КҚ пайдалану кезінде авариялардың алдын алу және тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

4) желіге техникалық жарамды және жабдықталған КҚ-ны шығаруды, қажетті пайдалану және рұқсат беру құжаттамасының болуын, сондай-ақ КҚ пайдаланудың белгіленген тәртібінің сақталуын бақылау;

5) ЖКО, жол жүру қауіпсіздігі саласындағы анықталған бұзушылықтар мен тәуекелдер туралы тікелей басшыны және(немесе) ӨҚ және ЕҚОҚ қызметін уақтылы хабардар ету, сондай-ақ түзету және профилактикалық іс-шаралардың орындалуын бақылау үшін жауапты болады.

4.7.**Жүргізушілер** көлік қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін, соның ішінде мыналар үшін жауапты болады:

1) өз құзыреті шеңберінде ЖЖЕ және Регламенттің талаптары мен ережелерінің орындалуы;

2) жүргізу кезінде КҚ-ны қауіпсіз басқару;

3) жолаушыларды тасымалдау кезінде ауысым аяқталғаннан кейін күн сайын шанақты сыртқы жуу және жуғыш және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып салонды ылғалды жинау.

4) өздеріне басқаруға сеніп тапсырылған КҚ мен жүктерге ұқыпты қарау;

5) барлық ЖКО оқиғалары жөнінде ӨҚ және ЕҚОҚ қызметін уақтылы хабардар ету.

4.8.**Мамандандырылған ұйымның медицина қызметкерлері** көлік қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін, соның ішінде мыналар үшін жауапты болады:

1) өз құзыреті шеңберінде Регламенттің талаптары мен ережелерінің орындалуы;

2) жүргізушілерді (машинистерді) рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексерулерді уақтылы және сапалы жүргізу;

3) Заңнамалық талаптарға және Регламент талаптарына сәйкес қарсы айғақтар болған кезде жүргізушілерді еңбек міндеттерін орындауға жібермеу.

Регламент талаптарын бұзғаны үшін қызметкерлерге Заңнамалық талаптарға сәйкес тәртіптік жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

Жүргізушілерді ЖЖЕ мен Регламент талаптарын бұзуға мәжбүрлейтін кез келген іс-әрекеттерге немесе нұсқауларға жол берілмейді.

5. РЕГЛАМЕНТТІҢ СИПАТТАМАСЫ.

5.1. КҚ-ҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

5.1.1. КҚ-ға қойылатын техникалық талаптар

5.1.1.1. Жұмыста пайдаланылатын, жалға алынған немесе ҚМГ компаниялар тобының меншігіндегі КҚ мен Арнайы техника өзінің нысаналы мақсатына сәйкес келуі, пайдалану үшін жарамды болуы және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күйде ұсталуы тиіс.

5.1.1.2. ҚМГ компаниялар тобының қызметінде пайдаланылатын КҚ-ға қойылатын техникалық талаптар Заңнамалық талаптармен, КҚ ТР 018/2011 және МЕМСТ 31972-2013 талаптарымен реттеледі.

5.1.1.3. Қыс мезгілінде барлық КҚ КО ТР 018/2011 талаптарына сәйкес келетін қысқы шиналармен жабдықталуы тиіс. Қысқы шиналарды қою тәртібі мен мерзімдері ұйымның географиялық жағдайына және ағымдағы метеорологиялық болжамдарға сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымында немесе Мердігерлік ұйымда жергілікті түрде белгіленеді.

Қысқы кезеңде (желтоқсан-ақпан) М1 және N1 санаттағы КҚ, оның ішінде 018/2011 КО ТР талаптарын қанағаттандыратын қысқы шиналармен жасақталмаған мердігерлік ұйымдарды пайдалануға жол бермеу.

5.1.1.4. Жарылыс-өрт қауіпті объектілердің аумағына келетін барлық КҚ мен Арнайы техника ұшқын сөндіргіштермен, ал тез тұтанатын сұйықтықтарды тасымалдайтын арнайы техника статикалық электрді жоятын қосымша құрылғылармен жабдықталуы тиіс;

5.1.1.5. Барлық КҚ-да салон мен жүк бөлігі таза болуы тиіс, барлық заттар бекітіліп, салон мен жүк салғыштың орналасуына қарай қорғаныш торлары (тік, көлденең, едендік немесе бөлгіш) орнатылуы тиіс.

5.1.1.6. Жолаушылар тасымалдайтын КҚ салонының ішіне газ баллондарын орналастыруға және орнатуға МЕМСТ 31972-2013 стандартына сәйкес үзілді-кесілді тыйым салынады.

5.1.1.7. КҚ-ның дәрі қобдишалармен, өрт сөндіргіштермен, авариялық белгілермен, кері сырғуға қарсы тіреулермен және басқа да қауіпсіздік құралдарымен жинақталуына қойылатын талаптар Заңнамалық талаптармен және КО ТР 018/2011 регламенттеледі.

5.1.1.8. КҚ мен Арнайы техника дайындаушы зауыттың талаптарына және заңнамалық талаптарға сәйкес оларды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кезеңдік техникалық қызмет көрсетуден өтуі тиіс.

5.1.1.9. КҚ мен Арнайы техника техникалық жай-күйін ішкі тексеруден өтуі тиіс, тексерулердің ұсынылатын жиілігі KMG-F-3692.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген.

5.1.1.10. Өндірістік қызметте, жұмыскерлер мен қауіпті жүктерді тасымалдауда, сондай-ақ өндірістік объектілерге қызмет көрсетуде пайдаланылатын, пайдалану мерзімі 10 (он) жылдан асқан КҚ, осы тармақшада көзделген жағдайларды қоспағанда, пайдалануға жол берілмейді.

1) ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары үшін КҚ-ны одан әрі пайдалануға кешенді техникалық бағалау жүргізілген жағдайда, ұйымның бұйрығымен бекітілген комиссияның шешімі бойынша жол беріледі.

Техникалық бағалау КҚ-ның он жылдық пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін және одан әрі жыл сайын жүргізіледі. Әрбір техникалық бағалаудың нәтижелері бойынша КҚ-ны пайдалануға рұқсат беру мерзімі 12 айдан аспауға тиіс.

Техникалық бағалау жүргізу, КҚ-ның пайдалану мерзімін ұзарту туралы мәселені қарау, сондай-ақ оның техникалық жай-күйін, жарамдылығын және одан әрі пайдалану қауіпсіздігін растау мақсатында комиссия өз құзыреттері шегінде мыналарды тартуға құқылы:

• көлік инспекциясын – көлік саласындағы заңнамада белгіленген өкілеттіктер шегінде;

• азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерін;

• өнеркәсіптік қауіпсіздік, көлік және өзге де тиісті салалардағы заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен лицензияланған және (немесе) аккредиттелген ұйымдарды (ұйымнан тәуелсіз).

Техникалық зерттеп-қарауды, диагностикалауды, сынақтарды, өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын, техникалық жай-күйді бағалауды, қалдық ресурсты айқындауды, сондай-ақ өзге де жұмыстарды жүргізу үшін тартылатын лицензияланған және (немесе) аккредиттелген ұйымдардың заңнамаға сәйкес осындай жұмыстарды жүргізуге тиісті лицензиялары, аккредиттеуі немесе өзге де рұқсат беру құжаттары болуға тиіс.

Тартылған ұйымдар жүргізген зерттеп-қарау, диагностикалау, сынақтар, сараптамалар және өзге де жұмыстардың нәтижелері заңнамада және қолданылатын нормативтік талаптарда көзделген тиісті актілермен, хаттамалармен, қорытындылармен немесе өзге де құжаттармен ресімделеді және техникалық бағалау нәтижелері бойынша шешім қабылдау кезінде комиссияның қарауына жатады.

Заңнамада КҚ-ның, жабдықтың тиісті түрі немесе орындалатын жұмыстар үшін мамандандырылған ұйымның техникалық зерттеп-қарауды, диагностикалауды, сынақтарды, өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын не өзге де рәсімді міндетті түрде жүргізуі белгіленген жағдайларда, осындай рәсім нәтижелері туралы тиісті құжат комиссияның КҚ-ны одан әрі пайдалану мүмкіндігі немесе оның пайдалану мерзімін ұзарту туралы мәселені қарауы үшін міндетті негіз болып табылады.

КҚ-ны пайдалану мерзімін ұзарту туралы шешім екі реттен артық қабылданбайды: бірінші рет ұзартылған кезде – үш жылға дейінгі мерзімге, екінші рет – екі жылға дейінгі мерзімге. Бұл ретте көрсетілген мерзім пайдалану мерзімін ұзартудың жалпы мерзімі болып табылады, ал осы кезең ішінде КҚ-ны пайдалануға рұқсат беру техникалық бағалау нәтижелері бойынша оның техникалық жарамдылығы жыл сайын расталған жағдайда жүзеге асырылады. Пайдалануға берілетін әрбір жеке рұқсаттың мерзімі 12 айдан аспауға тиіс.

КҚ он жылдық пайдалану мерзіміне жеткеннен кейін оны пайдалану мерзімін ұзартудың жалпы мерзімі бес жылдан аспауға тиіс. КҚ-ны пайдаланудың шекті мерзімі 15 жылдан аспауға тиіс.

Техникалық бағалау нәтижелері бойынша акт жасалады, оның негізінде комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

• КҚ-ны 12 айдан аспайтын мерзімге пайдалануға рұқсат беру;

• анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан және қайта техникалық бағалау жүргізілгеннен кейін КҚ-ны пайдалануға рұқсат беру;

• кейіннен қайта техникалық бағалау жүргізе отырып, КҚ-ны күрделі жөндеуге жіберу;

• КҚ-ны пайдалануға рұқсат бермеу және оны пайдаланудан шығару.

2) Мердігер ұйымдар үшін ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде пайдалану мерзімі 10 жылдан асқан КҚ-ны пайдалануға осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген тәртіппен және шектерде жол беріледі.

Техникалық бағалауды тапсырыс беруші мен мердігер ұйым өкілдерінің қатысуымен, тәуелсіз мамандандырылған ұйымды тарта отырып, аспаптық диагностика нәтижелері мен оның қорытындысы негізінде комиссия жүргізеді. Егер КҚ-ның техникалық жай-күйі Регламенттің, шарттың талаптарына немесе өндірістік объектідегі пайдалану жағдайларына сәйкес келмесе, тапсырыс беруші міндетті техникалық қарап-тексерудің қолданыстағы диагностикалық картасының болуына қарамастан, КҚ-ны пайдалануға жіберуден бас тартуға құқылы.

3) Автобустар, шағын автобустар, вахталық КҚ және қауіпті жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары үшін ҚМГ компаниялар тобының ұйымы КҚ-ның мақсатын, пайдалану жағдайларын және тәуекелдерді бағалау нәтижелерін ескере отырып, пайдаланудың қысқартылған шекті мерзімін белгілеуге құқылы.

4) Арнайы техниканы пайдаланудың күнтізбелік мерзімі бойынша шектеулер дайындаушы белгілеген қызмет ету мерзімі, ресурсы және атқарымы ескеріле отырып қолданылады. Мемлекеттік қадағалау органдарында тіркелген арнайы техниканы пайдалануға заңнама талаптарына сәйкес техникалық куәландырудың немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының қолданыстағы нәтижелері болған жағдайда жол беріледі.

Осы тармақшаның талаптары мердігер ұйымдармен жасалатын шарттардың техникалық ерекшеліктеріне және шарттарға міндетті түрде енгізілуге тиіс.

5.1.1.11. Барлық КҚ – жол жағдайын және КҚ салонын бір мезгілде тіркеуді қамтамасыз ететін екі жақты камералары бар видеотіркегіштермен жабдықталуы тиіс.

5.1.1.12. Белгіленген жылдамдық шегінен асқан кезде жүргізушіні дыбыстық сигналмен ескерту жүйесінің болуы.

5.1.2. Қауіпсіздік белдіктері

5.1.2.1. ҚМГ компаниялар тобының иелігіндегі немесе жалға алынған КҚ-мен жол жүру кезінде, сондай-ақ Мердігерлердің КҚ-да жол жүру кезінде барлық қызметкерлер қауіпсіздік белдіктерін (мұз үстімен, батпақты топырақпен жолда

тыс жерде жол жүретін КҚ-ны қоспағанда) тағуға міндетті. Бұл талап сондай-ақ қызметтік мақсатта пайдаланылатын жеке КҚ-мен жүру және пайдалану кезінде орындалуға міндетті болады.

5.1.2.2. ЖЖЕ мен Регламент талаптарына сәйкес, КҚ қозғалысы кезінде қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеттілігі туралы ақпаратты және белдіктерді тағу міндетін қызметкерлерге нұсқама жүргізу бағдарламасына қосу ұсынылады.

5.1.2.3. Жолаушыларды тасымалдайтын жүргізушілерге көлік құралындағы барлық жолаушылар қауіпсіздік белдіктерін тақпайынша және оларды маршрут бойы тағып отырмайынша, қозғалысты бастауға/жалғастыруға тыйым салынады.

5.1.2.4. Жаңа орнатылған қауіпсіздік белдіктері Заңнамалық талаптарға сәйкес және КО ТР 018/2011 сәйкес келуі және соған сәйкес орнатылуы тиіс.

5.1.2.5. Алдыңғы орындықтардағы қауіпсіздік белдіктері, егер дайындаушы зауытпен өзгеше келісілмесе, үш нүктелі болуы тиіс. Жеңіл автомобильдердің артқы орындықтарындағы және автобустардың орындықтарындағы қауіпсіздік белдіктерінің конструкциясы нақты КҚ моделіне қарай үш нүктелі немесе екі нүктелі болуы мүмкін.

5.1.2.6. Егер КҚ-да қозғалыс кезінде пайдалану үшін көзделген жатын орын болса, ол жылжуды шектегішпен жабдықталуы тиіс.

5.1.2.7. Қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталмаған КҚ мен Арнайы техниканы пайдалануға болмайды.

5.1.2.8. КҚ қозғалыс басталар алдында жүргізушіге және барлық жолаушыларға қауіпсіздік белдіктерін тағу және жол бойы шешпеу қажеттігін, конструкцияда көзделген отыратын орындардан тыс жолаушылар тасымалдауға (автобустар мен вахталық көлік құралдарында), қозғалыс кезінде салон ішінде жүруге және жүргізушінің назарын аударуға тыйым салынатынын ескертетін дауыстық хабарлау жүйесімен жабдықталуы тиіс.

5.1.3. КҚ мониторингінің борттық жүйесі

5.1.3.1. КҚ қауіпсіз пайдалануды арттыру мақсатында ККБМЖ орнату ұсынылады. Жолаушыларды тасымалдау үшін пайдаланылатын автобустар, шағын автобустар, вахталық машиналар, сондай-ақ қауіпті және габаритті емес жүктерді тасымалдайтын КҚ үшін бұл талап міндетті болып табылады.

5.1.3.2. ККБМЖ қолдану, осы жүйелерден алынатын деректерді құжаттау және пайдалану тәртібі ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысының актілерімен айқындалады, сондай-ақ Мердігерлермен арада жасалған қызметтер көрсету шарттарында көрсетілуі тиіс.

Мердігерлермен жасалған қызметтер көрсету жөніндегі шарттарда барлық ұсынылатын КҚ-ны GPS-мониторинг жүйелерімен жарақтандыру және мердігердің GPS-платформасын ҚМГ компаниялар тобы ұйымының мониторинг жүйесімен интеграциялау жөніндегі талаптар қызметтер көрсетудің бүкіл кезеңінде міндетті болуға тиіс.

ҚҚ қауіпсіз жүргізу бойынша ұсынылатын ҚҚБМЖ параметрлері KMG-F-3693.2-13/RG-3691.2-13 нысанында келтірілген.

5.1.3.3. Қыс мезгілінде ҚҚБМЖ серверлерінде бағдарламаланған рұқсат етілген жылдамдықтың артуы туралы хабарламалар шегі қыс мезгілінде ҚҚ қозғалыс жылдамдығын регламенттейтін ішкі құжаттарға сәйкес неғұрлым төмен жылдамдық параметрлеріне өзгертілуі тиіс. ҚҚ мониторингі жүйесінің серверлері, сондай-ақ серверлер мен бағдарламаларға қол жеткізу Мердігерлік ұйымдарға тиесілі болған жағдайда, ҚМГ компаниялар тобы ұйымымен келісім бойынша маусымдық жол берілетін жылдамдық шегін өзгерту мүмкіндігі тиісті шарттарда көрсетілуі тиіс.

5.1.3.4. ҚҚБМЖ конструкциясына және жұмысына араласуға, жүйені және оның құрамдастарын қасақана бүлдіруге, оны ажыратуға әрекет жасауға тыйым салынады.

5.1.3.5. Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженерлер не көліктің қауіпсіз жүруіне өзге де жауапты адамдар көлікпен қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесінің (ҚҚЕАЖ) «Қауіпсіз қозғалыс» модулі арқылы (болған жағдайда) көлік құралдарына тұрақты мониторинг жүргізеді.

5.1.3.6. ҚҚБМЖ және/немесе ҚҚЕАЖ «Қауіпсіз қозғалыс» модулі арқылы анықталған әрбір тіркелген бұзушылық бойынша жауапты тұлғалар жүйеде тиісті түсініктемелер, қарау нәтижелері мен қабылданған шараларды енгізуге міндетті.

5.1.3.7. Бұзушылықтар мониторингі, түсініктемелер жүргізу және ҚҚЕАЖ-да түзету іс-шараларының орындалуын бақылау (болған жағдайда) тұрақты негізде жүзеге асырылады.

5.1.3.8. Анықталған бұзушылықтар, оларды қарау нәтижелері, сондай-ақ түзету іс-шараларының орындалу күйі туралы ақпарат ҚМГ Өндірістік қауіпсіздік департаментіне ай сайын, айына кемінде бір рет жіберіледі.

5.1.4. Алғашқы медициналық көмектің автомобиль дәрі қобдишалары

5.1.4.1. Әрбір ҚҚ қажетті мөлшерде автомобиль медициналық дәрі қобдишаларымен және Заңнамалық талаптарға және КО ТР 018/2011 сәйкес жинақталуы тиіс.

5.1.4.2. ҚҚ барлық жүргізушілері Заңнамалық талаптарға сәйкес алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларына оқытылуы тиіс.

5.1.4.3. Автомобиль дәрі қобдишаларының құрамын өз еркімен өзгертуге, таңбалануы зақымдалған және жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтауға және қолдануға тыйым салынады. Кез келген дәрілік затты және медициналық мақсаттағы бұйымдарды пайдаланған кезде автомобиль дәрі қобдишасын тізбеге сәйкес дереу толықтырып отыру қажет.

5.2. ҚҚ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.2.1. Біліктілік талаптары

5.2.1.1. Жүргізушілерді КҚ-ға жіберу кезінде КҚ түрі мен санаты, сондай-ақ Заңнамалық талаптарға сәйкес жүргізушілерге қойылатын біліктілік талаптары ескерілуі тиіс.

5.2.1.2. Ұзақтығы 50 км асатын маршруттармен жолаушылар тасымалымен айналысатын жүргізуші үшін мынадай қосымша талаптарды белгілеу ұсынылады - КҚ жолаушылар тасымалына жиырма бес жасқа толған, кемінде бес жыл жүргізуші жұмыс өтілі бар, оның ішінде «D1» кіші санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі кемінде үш жыл болған адамдар жіберіледі.

5.2.1.3. Жылдың қыс мезгілінде қаладан тыс жерде тасымалдауды жүзеге асыру үшін жүргізушінің тиісті тәжірибесі және кемінде үш жыл жалпы жүргізушілік өтілі болуы тиіс.

5.2.2. КҚ басқаруға жіберу тәртібі

5.2.2.1. Жүргізушілерді жүргізуші өтілі мен біліктілігіне қарамастан, КҚ-ның бір түрінен екіншісіне ауысу кезінде, өз бетінше жұмыс істеуге жіберу алдында бейімдеу практикалық сабақтарынан өтуі тиіс. Сабақтар кезеңін КҚ түріне, тасымалдау ерекшелігіне және жүргізушінің кәсіби тәжірибесіне қарай ҚМГ компаниялар тобының ұйымы дербес айқындайды. 18 жастағы жүргізушілерге, сондай-ақ мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі 3 (үш) жылдан кем жүргізушілерді өз бетінше жұмыс істеуге жіберу алдында сабақтардың ұзақ кезеңдерін белгілеген жөн.

5.2.2.2. Бейімдеу практикалық сабақтарын өткізу үшін нұсқаушы жүргізушілер тағайындалады. Сабақтан өту парағы жүргізушіні өз бетінше жұмыс істеуге жіберу үшін негіз болады және ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының адами ресурстарды басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімшеде сақталады.

5.2.2.3. Барлық жүргізушілер міндетті оқытудан (ЖЖЕ техминимумы және дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидалары), сондай-ақ жыл сайын Заңнамалық талаптарға сәйкес өткізілетін ЖЖЕ бойынша аттестаттаудан өтеді.

5.2.2.4. Жүргізушілерді қосымша оқыту көзделеді. Оқытылатын жүргізушілердің тізімін, сондай-ақ қосымша оқыту тізбесі мен бағдарламаларын тасымалдау түрлері мен ерекшелігіне қарай жұмыс беруші қалыптастырады және бекітеді. Жүргізушілерді кемінде 3 жылда 1 рет қосымша мамандандырылған оқыту ұсынылады.

Ұсынылатын қосымша оқыту бағдарламалары:

1) қорғаныштық жүргізу;

2) авариялық жағдайларда қауіпті жүктерді жою бойынша оқыту;

3) арнайы техниканы басқаруға мамандандырылған оқыту.

4) қысқы көлікті жүргізуге мамандандырылған оқыту;

Оқудан өткені журналда ресімделеді және тиісті құжаттармен расталады.

5.2.2.5. КҚ жүргізушісі (машинисі) ЖЖЕ-де көзделген жағдайларды қоспағанда, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу салдарынан оның

өмірі мен денсаулығына қауіп туындаған жағдайда, мұндай қауіп жойылғанға дейін жолға шығудан бас тартуға құқылы, оның ішінде егер:

1) КҚ жарамсыз күйде болса;

2) жүргізушінің еңбек және тынығу режимі бұзылса;

3) жоспарланған маршрутпен жол жүру кезінде барлық қауіпсіздік шаралары көзделмеген болса;

4) қажет болатын сапар жоспары болмаса;

5) қызметкерлер қауіпсіздік белдіктерін тағудан бас тартса;

Желіге шығудан бас тартқан кезде жүргізуші өзінің тікелей басшысына осындай шешімнің себептерін баяндай отырып, жазбаша түсініктеме береді.

5.2.2.6. Жол парағында көрсетілгеннен өзгеше маршрутпен жол жүруге немесе ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметіне сәйкес келмейтін мақсаттарда жол жүруге жол берілмейді.

5.2.2.7. Жүргізушілерге спирт ішімдіктерін немесе есірткі/уытты препараттарды, сондай-ақ КҚ басқару қабілетіне әсер етуі мүмкін кез келген басқа да психотроптық заттарды немесе дәрі-дәрмектерді пайдалануға тыйым салынады. КҚ жүргізушісі жоғарыда көрсетілген заттардың әсеріне ұшыраған деп күдіктенген кез келген қызметкер сапардан бас тартуға, сондай-ақ бұл туралы өзінің тікелей басшысына және(немесе) ӨҚ және ЕҚОҚ қызметіне хабарлауға міндетті.

5.2.2.8. ҚМГ компаниялар тобы ұйымы Жүргізушінің біліктілігі, оның жүргізушілік қызметінің жалпы өтілі және белгілі бір КҚ түрлеріндегі жұмыс өтілі, медициналық қайта куәландырудан өту мерзімдері, ЖКО-ға ұшырауы, ЖЖЕ бұзуға жол беруі, КҚ басқару құқығынан айырылу фактілері, жүргізушілік жұмыс өтіліндегі үзілістер туралы деректерді есепке алады. Мамандандырылған ұйымның медицина қызметкерлерімен бірлесіп жүргізушілердің тәуекелдер тобы журналы қалыптастырылады. Журналға медициналық және жас көрсеткіштері бойынша есепке алуға себептері бар, созылмалы аурулармен, артериялық гипертензиямен ауыратын жүргізушілер, 50 жастан асқан жүргізушілер енгізіледі. Сондай-ақ жаңадан қабылданған жүргізушілер, ЖКО-ға қатысқан жүргізушілер, жылдамдық режимін және басқа да ЖЖЕ бұзушылар уақытша есепке алынуға тиіс. Тұрақты желілерден тыс үлкен қашықтықтарға сапарларды, сондай-ақ жолаушыларды, қауіпті/ірі габаритті жүктерді топтық тасымалдаумен байланысты сапарларды және аса қауіпті кез келген басқа маршруттармен сапарларды жоспарлау кезінде жүргізушіде жоғарыда аталған сипаттамалардың бар-жоғын, сондай-ақ оның өтілін, қосымша курстардан/оқудан өтуін ескеру қажет.

5.2.2.9. Қозғалыс бастамас бұрын жүргізуші КҚ айналасындағы қауіпті аймақта (360° тексеру), оның ішінде КҚ алдында және «соқыр аймақтарда» адамдардың жоқтығына екеніне жеке өзі көз жеткізуге міндетті.

5.2.3. Міндетті және қайталама медициналық тексерулер

5.2.3.1. Көлік құралдарының жүргізушілері міндетті медициналық тексерулер өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізімдерін көздейтін

Заңнамалық талаптарға сәйкес тәртіп пен мерзімде міндетті түрде алдын ала (жұмысқа қабылдау кезінде) медицналық тексеруден және қызметін жүзеге асыру кезеңінде кезеңдік медициналық тексеруден өтуі тиіс.

5.2.3.2. Қайта міндетті медициналық тексеру жол қозғалысы саласындағы заңнамалық талаптарға және КҚ басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық тексеруді, механикалық КҚ жүргізушісін қайта медициналық тексеруді жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

5.2.3.3. КҚ жүргізушілері кәсіби жарамдылығы бойынша қайта медициналық тексеруден өтеді. Механикалық КҚ жүргізушілерін қайта медициналық тексеруден өткен адамдарды медициналық тексеру нәтижелері №073/у нысанға (КҚ басқаруға жіберу туралы медициналық анықтама) енгізіледі.

5.2.3.4. КҚ басқаруға жарамды деп танылған адамдарға №073/у нысаны бойынша медициналық анықтама (немесе жоғалған кезде оның телнұсқасы) беріледі. Көзілдірікпен басқаруға жарамды деп танылған адамдарға медициналық анықтамада «Қорытынды» деген сөзден кейін «көзілдірік кию міндетті» деген белгі қойылады.

5.2.3.5. Механикалық көлік құралдары жүргізушілерінің қайта медициналық тексеруден уақтылы өтуін бақылау мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) жүргізуші куәлігін беру және ауыстыру, сондай-ақ оны алып қойғаннан кейін қайтару кезінде;

2) механикалық КҚ жүргізушілерін жұмысқа қабылдау кезінде және олармен жасалатын еңбек қатынастары кезеңі ішінде.

5.2.3.6. Қайта медициналық тексеру мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

1) жолаушылар, қауіпті жүктер тасымалын орындайтын КҚ жүргізушілері – әрбір 3 жыл сайын, ал 50 жасқа толған жүргізушілер – жыл сайын;

2) 65 жасқа толған КҚ жүргізушілері мен мүгедек жүргізушілер – әрбір 2 жыл сайын;

5.2.3.7. Уәкілетті орган айқындайтын жағдайларда медициналық айғақтар болған кезде қайта медициналық тексеруді жүргізу мерзімі қысқартылады, бірақ кемінде 1 жылға дейін болады.

5.2.4. Рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексерулер

5.2.4.1. Жүргізушілер рейс алдындағы және рейстен кейінгі міндетті медициналық тексеруден Заңнамалық талаптар мен Регламент талаптарымен белгіленген тәртіппен және мерзімде өтуі тиіс.

5.2.4.2. Рейс алдындағы міндетті медициналық тексеру жүргізушіде еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтіретін жай-күйлер мен аурулардың, оның ішінде алкогольдік, есірткі немесе өзге де уыттық масаю және осындай масаюдың қалдық белгілерінің бар-жоғын анықтау немесе растау мақсатында жүргізіледі.

5.2.4.3. Рейс алдындағы/ рейстен кейінгі медициналық тексерулерді ұйымдастыру міндеттері ҚМГ компаниялар тобының ұйымына жүктеледі.

5.2.4.4. ҚМГ компаниялар тобында рейс алдындағы/рейстен кейінгі медициналық тексерулерді мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

5.2.4.5. Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) міндетті медициналық тексерулер жүргізу үшін ҚМГ компаниялар тобының ұйымы:

1) жылу, сумен жабдықтау, кәріз, жарықтандыру жүйелерімен жабдықталған арнайы бөлінген үй-жайды қамтамасыз етеді;

2) рейс алдындағы міндетті медициналық тексерулерге қызметкерлердің міндетті түрде және уақтылы келуін қамтамасыз етеді.

5.2.4.6. Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) міндетті медициналық тексеруді жүргізетін мамандандырылған ұйым белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етеді:

1) рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексерулерді жүзеге асыратын медицина қызметкерлерінің қызметіне әдістемелік басшылық жасау және бақылау;

2) медицина қызметкерін қысым өлшейтін, алкогольдің, есірткі құралдарының бар-жоғын анықтайтын қажетті аспаптармен, есепке алу-есеп беру құжаттамасының бланкілерімен/журналдарымен, сондай-ақ медициналық тексеру үшін қажетті басқа да материалдармен қамтамасыз ету;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының есептілігін ұсыну.

5.2.4.7. Жүргізушілердің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексерулерін ұйымдастыру тәртібін Заңнамалық талаптарға сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымы айқындайды. Іссапар кезінде жүргізушілер рейс алдындағы медициналық тексеруден іссапар басталар алдында өтеді, ал одан кейінгі рейс алдындағы/рейстен кейінгі медициналық тексерулер белгіленген тәртіпке, маршрут кестесіне сәйкес және іссапар орындарында медициналық тексеруден өту мүмкіндігінің болуына қарай сапарлар жоспарында айқындалады.

Рейс алдындағы міндетті медициналық тексеру мыналарды қамтиды:

1) қызметкердің шағымдарының бар-жоғын сұрау және көзбен шолып қарау;

2) зертханалық-аспаптық зерттеулер:

3) дене температурасын өлшеу;

4) артериялық қысымды өлшеу;

5) тамыр соғысының жиілігін өлшеу;

6) қызметкердің ағзасында алкогольдің, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен оларға ұқсас заттардың, уытты заттардың бар-жоғын анықтау.

5.2.4.8. Рейс алдындағы медициналық тексеру тыныс алатын ауадағы абсолюттік этил спирті буларының концентрациясын анықтауға арналған жарамды аспаптар және есірткі құралдары мен басқа да заттардың бар-жоғын анықтауға арналған экспресс-тестілер (тест-жолақтар, экспресс-тілімдер) пайдаланыла отырып жүргізіледі. Пайдаланылатын алкотестерлер Қазақстан Республикасының өлшем құралдарының тізіліміне енгізілген болуы, сондай-ақ тексерілгені туралы сертификаттары болуы тиіс.

5.2.4.9. Қызметкерде артериялық қысым шамасының немесе тамыр соғысы жиілігінің ауытқуы байқалған жағдайда қайта зерттеу жүргізіледі (кемніде 15 минут аралықпен 2 реттен артық емес).

5.2.5. Жүргізушілерді медициналық көрсеткіштері бойынша жұмысқа жіберу тәртібі

5.2.5.1. Рейс алдындағы медициналық тексеру нәтижелері негізінде Мамандандырылған ұйымның медицина қызметкері еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтіретін жай-күйі, оның ішінде алкогольдік, есірткі немесе өзге де уыттық масаю ықтималы белгілерінің бар-жоғы туралы шешім шығарады.

5.2.5.2. Жүргізушіні КҚ басқаруға жіберу мүмкіндігі туралы мәселені шешу кезінде рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеру жүргізетін медицина қызметкері жүргізушінің тәуекел топтарының біріне (жасы, кәсібі бойынша жұмыс өтілі, жұмыс жағдайы және өндірістік факторлардың сипаты) жататындығын ескереді.

5.2.5.3. Жүргізушілер мынадай жағдайларда КҚ басқаруға жіберілмейді:

1) рейс алдындағы міндетті медициналық тексеруден өтпеген кезде.

2) медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде;

3) еңбекке уақытша жарамсыздық белгілері анықталған кезде;

4) алкогольдің, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен сол тектестердің, уытты заттардың мүлде жол берілмейтін құрамы анықталған кезде;

5) жүргізушінің жұмыс қабілетіне теріс әсер ететін дәрілік немесе өзге де заттардың әсер ету белгілері анықталған кезде;

6) жүргізушінің анық шаршау белгілері анықталған кезде.

5.2.5.4. Жұмысқа жіберілген кезде жол парақтарына «Медициналық тексеруден өтті» деген жазуы бар мөртабан қойылады және тексеруден өткен күні мен уақыты көрсетіле отырып, тексеру жүргізген медицина қызметкерінің қолы қойылады. Рейс алдында жүргізілген міндетті медициналық тексерулердің нәтижелері KMG-F--3694.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген үлгі бойынша қызметкерлерді ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық тексеру журналына енгізіледі.

5.2.5.5. Журналды рейс алдындағы медициналық тексеруді жүргізген Мамандандырылған ұйымның медицина қызметкері толтырады және осы тексеру жүзеге асырылатын кабинетте сақталады. Журнал тігілуі, нөмірленуі және уәкілетті лауазымды тұлғаның қолымен расталуы және Мамандандырылған ұйымның мөрімен бекітілуі тиіс.

5.2.5.6. Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен сол тектестерге, уытты заттарға сынама оң нәтиже көрсеткен жағдайда, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген масаңдықтың бірінің белгілері болған жағдайда Мамандандырылған ұйымның медицина қызметкері бекітілген тәртіпке сәйкес жұмыс берушіні міндетті түрде хабардар етеді. Жүргізушіні кезектен тыс медициналық куәландыруға жіберген кезде ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының

адами ресурстарды басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі қайта медициналық куәландырудың себебі көрсетілген жолдама бланкісін толтырады. Жүргізуші Мамандандырылған ұйымның медицина қызметкерінің немесе уәкілетті лауазымды адамының еріп жүруімен кезектен тыс медициналық куәландыруға жіберіледі.

5.2.5.7. Жұмыскер алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күй тудыратын заттарды пайдалану фактісін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда медициналық куәландырудан өтуден бас тартқаны туралы акт жасалады.

5.2.5.8. Адамдарды КҚ басқаруға жіберуге тыйым салатын аурулар мен қарсы көрсеткіштер тізбесіне енгізілген ауру белгілері пайда болған кезде Мамандандырылған ұйымның медицина қызметкері бекітілген тәртіпке сәйкес ҚМГ компаниялар тобы ұйымын міндетті түрде хабардар етеді.

5.2.5.9. Себептерін көрсете отырып, мынадай жағдайларда КҚ жүргізушілерін қайта медициналық тексеруге мерзімінен бұрын жіберуге бастамашылық жасалуы мүмкін:

1) КҚ жүргізушісі жалданып жұмыс істейтін ҚМГ компаниялар тобының ұйымы – адамдарды КҚ мен Арнайы техниканы басқаруға жіберуге тыйым салатын немесе оларды басқару құқығын шектейтін аурулар мен қарсы көрсеткіштер тізбесіне енгізілген ауру белгілері байқалған кезде;

2) Мамандандырылған ұйым – КҚ жүргізушісінде адамдарды КҚ басқаруға жіберуге тыйым салатын немесе оларды басқару құқығын шектейтін аурулар мен қарсы көрсеткіштер тізбесіне енгізілген ауру анықталған кезде.

5.2.5.10. Көлік құралын қауіпсіз басқаруға кедергі келтіретін, медициналық қорытындымен расталған жүргізуші денсаулығының нашарлауы, сондай-ақ көлік құралы жүргізушісін қайта медициналық тексеруге мерзімінен бұрын жіберу Заңнамалық талаптарға сәйкес көлік құралын басқару құқығын тоқтата тұру үшін негіз болады.

5.3. КҚ САПАРЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.3.1. Сапарларды жоспарлау және тәуекелдерді бағалау

5.3.1.1. Көліктік тасымалдарды ұйымдастыруға қатысатын ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, КҚ техникалық жай-күйіне жауапты желілік басшылар, ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі қауіпсіз жүргізумен және сапарларды басқарумен байланысты барлық бағыттарға белсенді түрде айқын бейілділік танытады және қатысатынын көрсетеді, соның ішінде:

1) тәуекелді бағалауды және сапарды жоспарлауды жүргізу;

2) қауіпсіздік белдіктерін тағып, үлгі көрсету;

3) жылдамдық режимінің және Регламент талаптарының сақталуын бақылау;

4) тәуліктің қараңғы мезгілінде көліктік тасымалдарды және КҚ жалпы жүріп өткен жолын мейлінше азайту;

5) Регламенттің талаптары мен ережелерін белсенді түрде қолдау және өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде қызметкерлерге түсіндіру, КҚ пайдаланумен байланысты қауіптерге назар аудару;

6) алыс сапарға немесе іссапарға шығатын жүргізушілерге (машинистерге) нұсқама беруді ұйымдастыру және жүргізу, KMG-F-3696.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген үлгі бойынша нұсқаманы тіркеу журналын толтыру.

7) жүргізушілердің (машинистердің) желідегі жұмысын бақылау және КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйін тексеру, KMG-F-3695.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген үлгі бойынша жүргізушілердің (машинистердің) жұмысын бақылау актісін толтыру.

8) техникалық жарамды және жиынтықталған КҚ мен Арнайы техниканы желіге шығаруды, оларды желіден қабылдауды және KMG-F-3697.2-13/ RG-3691.2-13 нысанына сәйкес гаражға уақтылы қайтаруды, сондай-ақ KMG-F-3698.2-13/RG-3691.2-13 нысанына сәйкес жол парақтарының қозғалысын есепке алуды жүзеге асыру.

5.3.1.2. Аса қауіпті сапарлар үшін (жүктерді алыс қашықтыққа тасымалдау, ұйымдасқан колоннамен жол жүру, жолсызбен жүру, стандартты емес (габаритті емес) жүктерді тасымалдау, қараңғы мезгілде, жолдың көріну мүмкіндігі нашар болған жағдайларда және т.б.) сапар жоспарын жасау қажет.

5.3.1.3. Ұзақ қашықтыққа жол жүргенде, сондай-ақ ұзақ іссапарлар кезінде жүргізушіні жол бойындағы және іссапарға баратын жерлердегі жақын медициналық мекемелер туралы ақпаратпен қамтамасыз еткен жөн.

5.3.1.4. Мұндай жоспарды, шартта осындай талап болса, ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі және (немесе) көліктік тасымалдарды жүзеге асыратын Мердігерлік ұйым жасауы тиіс. Бұл жоспарға әрбір нақты жағдайда тәуекелдерді бағалау негізінде айқындалатын тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау жөніндегі бөлім енгізілуі қажет. Мүмкіндігінше тәуліктің қараңғы мезгілінде жүретін сапарлар санын шектеу керек.

5.3.1.5. Тәуліктің қараңғы мезгілінде жол жүруді жоспарлау кезінде жолдағы қауіпті учаскелерді, қауіп-қатерлерді, жүргізушілердің тынығу орындарын, медициналық пункттерді және т.б. айқындау қажет.

5.3.2. Көліктік тасымал алдындағы іс-шаралар

5.3.2.1. Көліктік тасымалды бастамас бұрын жүргізушілер өздері жүргізуге қабылдайтын КҚ KMG-F-3699.2-13/ RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген КҚ жарамдылығы мен қауіпсіздігін өзі тексеріп бақылау парағына сәйкес келетініне көз жеткізуге міндетті.

5.3.2.2. Көліктік тасымал алдында КҚ техникалық жай-күйі үшін жауапты адамдар:

1) жүргізушінің рейс алдындағы медициналық тексеруден өткеніне және сапар жасауға қарсы көрсеткіштері жоқ екеніне көз жеткізуге;

2) KMG-F-3700.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген бақылап тексерудің үлгі парағы бойынша КҚ бақылап тексеру жүргізілгеніне көз жеткізуге.

3) жүргізушінің біліктілігі тасымалдың осы түрі мен класына сәйкес келетініне көз жеткізуге;

4) жүргізушіде мынадай құжаттардың болуын бақылауға:

а) тиісті санаттағы КҚ басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігі;

б) осы КҚ-ның тіркеу құжаттары;

в) КҚ деректерін иелену, немесе пайдалану немесе иелік ету құқығын растайтын құжаттар, ал тіркеме болған жағдайда - тіркемеге арналған құжаттар;

г) КҚ иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисі;

д) тасымалдаушының жолаушы алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисі (жолаушылар тасымалы үшін);

е) тасымалданатын жүк құжаттары, ал ірі көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктер тасымалы кезінде – осы жүктерді тасымалдау қағидаларында көзделген рұқсат құжаттары;

ж) міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің деректері бойынша КҚ міндетті техникалық байқаудан өткені туралы ақпараттың бар екеніне көз жеткізу (егер Заңнамалық талаптарға сәйкес техникалық байқаудан өту талап етілетін жағдайда);

з) жүктің дұрыс орналастырылғанына және бекітілгеніне көз жеткізуге міндетті.

5.3.2.3. Тұрақты желілерден тысқары жатқан елді мекендерден тыс жерлерге жол жүргенде жоғарыда аталған іс-шаралардан басқа, сондай-ақ:

1) қозғалыс маршруты нақты айқындалғанына көз жеткізуге;

2) ықтимал қауіп факторларын, қозғалыс маршрутының қауіпті учаскелерін анықтауға, бұл ретте жергілікті жер бедерін, ауа райы жағдайларын, тәулік уақытын, белгілі қауіпті жол учаскелерін, жылдамдық шектеулерін, елді мекендердің болуын назарға алуға;

3) анықталған тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды көрсете отырып, рейс алдындағы тиісті нұсқама жүргізуге;

4) сапар үшін тиісті КҚ бөлінгеніне және оларды таңдау кезінде сәйкестендірілген тәуекел факторлары назарға алынғанына, сондай-ақ қажетті жинақталымы көзделгеніне көз жеткізуге;

5) жүргізушілердің қажетті біліктілігі бар екеніне, ал рейс кезінде жүргізушінің еңбек және тынығу режимі бұзылмайтынына көз жеткізуге;

6) тәуекелдер және оларды төмендету жөніндегі шараларды, демалыс орындары мен жоспарланған аялдамаларды және т.б. бағалай отырып, жүргізуші сапардың – маршруттың егжей-тегжейіне қатысты толық хабардар етілгеніне көз жеткізуге міндетті;

5.3.2.4. ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі КҚ межелі жеріне жеткен уақытын бақылауға міндетті. Егер КҚ белгіленген уақытта келмесе, межелі жердегі адамдар күтпеген жағдайлар туындаған жағдайға арнайы жасалған жоспар бойынша іс-шаралар жүргізуге тиіс.

5.3.2.5. Тұрақты желілерден тыс жерлерге халықаралық, қалааралық, сондай-ақ өзге де көліктік тасымалдарды орындайтын әрбір жүргізуші аялдамалардан, елді мекендерден және басқа да бағдарлардан өту уақыты көрсетілген маршрут бойынша көліктік тасымал жоспарымен, қауіпті учаскелер көрсетілген маршрут картасымен және т.б. қамтамасыз етілуі тиіс.

5.3.2.6. Жоспар тек бір сапарға ғана беріледі. Сапар аяқталғаннан кейін жоспар тапсырылуы тиіс және ҚМГ компаниялар тобының ұйымында немесе көліктік тасымалдауды жүзеге асыратын Мердігерлік ұйымда 1 жыл бойы сақталады.

5.3.3. Тасымалдар кезінде жүргізушімен байланысу

5.3.3.1. Мынадай жағдайларда жүргізушімен байланыс қажет болады:

1) ұзақ қашықтыққа жол жүргенде;

2) қажет болған жағдайда сапар кезінде маршрут өзгергенде;

3) спутниктік мониторинг жүйесі бойынша қозғалатын КҚ маршруттан ауытқығаны немесе жылдамдық режимін бұзғаны анықталған жағдайда;

4) ЖКО болған жағдайда.

5.3.3.2. Ұзақ маршруттарға жол жүргенде жүргізушімен оның байланысқа шығу мерзімділігі алдын ала келісіледі. Байланысқа шығудың жоспарланған орны мен уақыты сапарлар жоспарында көрсетіледі. Бұл ретте маршрут бойында байланыстың болуы ескеріледі.

5.3.3.3. Жол жүру кезінде жүргізушімен байланыс ұйымдастыру қажет болған басқа жағдайлар үшін ішкі нұсқаулықтар/рәсімдер әзірленеді. Жүргізушілер рейс алдындағы нұсқамадан өтеді, оған сәйкес жүргізушілерге КҚ басқару кезінде ұялы байланыс құралдарын пайдалануға жол берілмейтіндігі ескертіледі, диспетчерден немесе басқа уәкілетті тұлғадан кіріс қоңыраулары түскен жағдайдағы жүргізушінің іс-әрекеттері, сондай-ақ болжамды байланыс алгоритмі ескертіледі.

5.3.4. Тұрақты желі маршруттарында көліктік тасымалдарды ұйымдастыру.

5.3.4.1. Тұрақты желілердің, жолаушылар тасымалының әрбір маршрутына қауіпті орындары (учаскелері) көрсетіле отырып, маршруттың паспорты мен картасы (схемасы) жасалуы тиіс. Көрсетілген құжаттарға жол жағдайларының өзгерісі туралы деректер уақтылы енгізіліп отыруы тиіс. Маршрут картасын қалыптастыру мен жаңартуда жүргізушілер құрамы үлкен рөл атқарады. Ссапар барысында ескерілмеген қауіпті учаскелер немесе басқа да жол факторлары анықталған жағдайда, рейстен келгеннен кейін жүргізушілер маршруттар паспорттарына жаңартулар енгізу үшін ӨҚ және ЕҚОҚ қызметіне осы өзгерістер туралы хабарлауы қажет. Көліктік тасымалдардың тұрақты желілері паспортының үлгі нысаны KMG-F-3701.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген.

5.3.4.2. ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі және(немесе) тұрақты желілер бойынша тасымалдар басталар алдында, сондай-ақ оларды орындау барысында ҚМГ компаниялар тобы мүддесінде қызметтер көрсететін/жұмыстарды орындайтын

Мердігерлік ұйым тәуекелдерді бағалауға және жол жағдайларының қозғалыс қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сәйкестігін бағалауға міндетті.

5.3.4.3. Автомобиль жолдары мен кірме жолдар (жолдар) жай-күйінің қозғалыс қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін бағалау ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе Мердігерлік ұйымның арнайы құрылған комиссиясы жүргізетін тексеру негізінде жүзеге асырылады. Егер тасымалдарды ҚМГ компаниялар тобының немесе Мердігерлік ұйымның мүддесінде қызметтер көрсететін/жұмыстарды орындайтын үшінші тұлғалар жүзеге асырса, аталған комиссияның құрамына осы үшінші тұлғалардың өкілдері де енгізіледі.

5.3.4.4. Тәуекелдерді бағалау кезінде ескерілуі қажет факторлар KMG-F-3702.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген.

5.3.4.5. Көліктік тасымалдардың тұрақты желі маршруттарындағы жол жағдайларын тексеру жылына кемінде екі рет (қысқы және жазғы кезеңде) жүзеге асырылуы тиіс. Жол жағдайларын тексеру нәтижелері бойынша акт жасалады, онда қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін анықталған тәуекелдер көрсетіледі және мынадай мүмкін болатын шаралар қабылданады:

1) маршрутта қозғалыс тоқтатылады немесе қозғалыс маршруты, жолаушыларды отырғызу және түсіру орындары өзгертіледі;

2) маршруттағы қозғалыс режимдері (жылдамдығы, тоннажы, габариттері және т.б.) өзгертіледі.

5.3.4.6. КҚ қозғалыс жылдамдығын шектеулер жыл мезгіліне, ауа райының қанағаттанғысыз жағдайларына және т.б. қарай белгіленуі тиіс. КҚ қозғалыс режимдері ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ішкі актілерімен айқындалады және егер мұндай шарт олармен жасалған шарттарға енгізілген болса, барлық қызметкерлердің, оның ішінде ҚМГ компаниялар тобы мүддесінде қызметтер көрсететін/жұмыстар орындайтын Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болады.

5.3.4.7. ҚМГ компаниялар тобының жауапты ұйымы немесе Мердігерлік ұйым тексеру нәтижелеріне қарай (жол жағдайлары елеулі нашарлаған жағдайда, сондай-ақ күзгі-қысқы кезеңде және т.б.)қозғалыс режимін түзетуге міндетті.

5.3.4.8. Көліктік тасымалдар кестесі тұрақты желілердің қолданыстағы маршруттарындағы жылдамдықты нормалау негізінде ұйымда белгіленген ережелерге сәйкес әзірленуі тиіс. Қозғалыс жылдамдығының нормативтері маршрутта жол жүрудің нақты жағдайларында КҚ қауіпсіз қозғалыс режимдерін қамтамасыз етуі, ауа райы мен жол жағдайларына сәйкес келуі, теміржол өтпелерінде мүмкін болатын кідірістерді және т.б. ескере отырып, рұқсат етілетін жылдамдыққа сәйкес келуі тиіс.

5.3.4.9. Жолаушылар тасымалдайтын КҚ-ны желіге шығару кестесі КҚ сыйымдылық нормаларын бұзбайтын жолаушылар тасымалын қамтамасыз ету мақсатында апта күндері мен тәулік сағаттары бойынша жолаушылар ағынының өзгеруі ескеріле отырып қалыптастырылуы тиіс.

5.3.4.10. Тұрақты желілердің маршруттарында көліктік тасымалдарды

орындайтын әрбір жүргізуші қауіпті учаскелер көрсетілген маршрут карталарымен, мүмкін болатын тәуекелдер мен оларды мейлінше азайту жөніндегі шаралар тізбесімен қамтамасыз етілуі тиіс. Мүмкін болатын тәуекелдер тізбесі және оларды төмендету шаралары KMG-F-3703.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген.

5.3.4.11. Көліктік тасымалдардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жол немесе метеорологиялық жағдайлардың сыни өзгерістері (жол жабынының бұзылуы, көктайғақ, қатты тұман, борасындар және т.б.) кезінде жауапты басшылар және/немесе Мердігерлер ӨҚ және ЕҚОҚ қызметімен/ЖЖҚ қызметімен бірлесе отырып, қозғалыс кестесіне жылдамдықты төмендету немесе қозғалыс маршрутын өзгерту жағына қарай тіпті КҚ қозғалысын тоқтатуға дейінгі жедел түзетулер жасауға тиіс. Бұл ретте жол парағына және көліктік тасымалдардың тұрақты желілерінің паспортына қажетті өзгерістер енгізіледі.

5.3.4.12. Жүргізушілер қозғалыс маршруттарында немесе жүктерді тиеу-түсіру орындарында ескерілмеген тәуекелдерді (жол төсемінің бұзылуы, ескерту белгілерінің болмауы және т.б.) анықтаған жағдайда, жүргізушілер оларды есепке алуы және тәуекелдерді қысқарту немесе болдырмау жөнінде тиісті шаралар қолдануы тиіс.

5.3.4.13. Жолдардың қауіпті учаскелері KMG-F-3704.2-13/RG-3691.2-13 көрсетілген нысандағы журналда тіркеледі, ол ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе көліктік тасымалдарды жүзеге асыратын Мердігерлік ұйымның қызметкерлері үшін еркін қол жетімді болады. Жүргізушілер құрамы журналды жаңартуға белсенді қатысуы тиіс. Сапарлар барысында жүргізушілер құрамы анықтаған қауіпті жол учаскелері мен басқа да қауіпті жол факторларына қатысты ақпарат журналды кейіннен өзектендіру үшін ӨҚ және ЕҚОҚ қызметіне берілуі тиіс. Қозғалыс маршрутының қауіпті учаскелерін есепке алу журналына енгізілетін барлық ақпарат пен өзгерістер Жол парағын және Көліктік тасымалдар жоспарын жасау кезінде ескерілуі тиіс. Маршруттарда (тұрақты және тұрақты емес) белгіленген тәуекелдерді жою жөнінде шаралар қабылдау үшін жол қызметтері мен уәкілетті ішкі істер органдарының атына тиісті ақпараттық хаттар жіберіледі.

5.3.4.14. ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі белгіленген тәртіппен маршруттар желісінде меншікті және жалға алынған КҚ-ға, сондай-ақ көліктік тасымалдарды жүзеге асыратын Мердігерлік ұйымның КҚ-ға тексеру жүргізуге құқылы. Осы бақылаудың мақсаты Регламент талаптарының сәйкестігін немесе бұзылуын анықтау болып табылады.

5.3.4.15. Мердігерлік ұйымның КҚ мен арнайы техникасының техникалық жай-күйіне жауапты адам түрлі тасымал түрлерін, оның ішінде жолаушылар, ірі көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктер тасымалын ұйымдастыру тәртібі мен ерекшеліктерін айқындайтын талаптардың Заңнамалық талаптарға сәйкес орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

5.3.4.16. КҚ толық массасы маршрут бойындағы көпірлердің, эстакадалардың, жол өтпелерінің, басқа да жасанды құрылыстардың нақты жүк көтергіштігінен

аспауы тиіс.

5.3.4.17. Тасымалды жүзеге асыру кезінде жүргізуші:

1) белгіленген қозғалыс маршруттарын қатаң сақтауға;

2) қозғалыстың белгіленген жылдамдық режимінен аспауға тиіс;

3) қозғалыс маршруттарындағы жол-климаттық факторлардың әсерін ескеруге міндетті.

5.3.5. Тұрақты желілерден тыс жерлерге көліктік тасымалдарды ұйымдастыру

5.3.5.1. ҚМГ компаниялар тобы ұйымында немесе көліктік тасымалдарды жүзеге асыратын Мердігерлік ұйымда объекті шегінен тысқары тұрақты желілерден тыс жерлерге халықаралық, қалааралық, сондай-ақ өзге де тасымалдарды жоспарлау процесі енгізілуі тиіс.

5.3.5.2. Көліктік тасымалдарды жоспарлау процесі мынадай кезеңдерді қамтуы тиіс:

1) әрбір сапардың тәуекелдерін (қозғалыс маршрутын талдау), оларды азайту тәсілдерін айқындау және тәуекелдер туралы ақпаратты тарату;

2) тасымал маршруты бойындағы жол жағдайларын зерттеу;

3) KMG-F-3705.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген үлгі нысан бойынша көліктік тасымал жоспарын жасау.

5.3.5.3. ҚМГ компаниялар тобы ұйымында немесе Мердігерлік ұйымда ЖЖҚ ұйымдастыру және КҚ мен Арнайы техниканы қауіпсіз пайдалану үшін жауапты қызметкерлер тұрақты желілерден тыс жерлерге тасымалдар маршрутын мынадай тәртіппен талдайды:

1-қадам. Маршруттың жалпы сипаттамасын зерделеу және талқылау:

1) маршруттың ұзақтығы;

2) тәулік мезгілін ескергендегі қозғалыс қарқындылығы;

3) көлік ағынының құрамы;

4) жол жабынының сапасы мен жай-күйі;

5) тиеу-түсіру орындарына кіру ерекшеліктері және т.б.

2-қадам. Маршрут бойындағы қауіпті учаскелерді айқындау және ЖКО ситуациялық талдау – маршрут картасына мыналар енгізіледі:

1) ЖКО шоғырлану орындары;

2) ескерту белгілерімен белгіленген қауіпті учаскелер;

3) маршрутта белгіленбеген, бірақ көп бұзушылық байқалған қауіпті учаскелер.

Оқиғаларды талдау жол полициясының деректері негізінде және жүргізушілерден сұрау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

3-қадам. Қозғалыс маршруты бойынша жол жүру қауіпсіздігіне жол-климаттық факторлардың (немесе өзге де факторлардың) әсерін талқылау.

5.3.5.4. Тұрақты желілерден тыс жерлерге көліктік тасымалдау қажет болған жағдайда, тасымалды жүзеге асыратын ҚМГ компаниялар тобында немесе Мердігерлік ұйымда КҚ (арнайы техниканы) қауіпсіз пайдалану және жол

қозғалысын ұйымдастыру үшін жауапты қызметкерлер осындай тасымал алдындағы шараларды қабылдауға міндетті (КҚ-ға қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары - Регламенттің 5.1-бөлімі).

5.4. КҚ ҚАУІПСІЗ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

5.4.1. КҚ басқару кезіндегі жалпы қауіпсіздік талаптары

5.4.1.1. Қозғалыс кезінде жүргізушілерге темекі шегуге, ұялы байланыс құралдарын (ұялы, спутниктік телефондар, радиостанциялар және т.б.) пайдалануға тыйым салынады. ЖЖЕ-де рұқсат етілген гарнитураны пайдалану арқылы сөйлесуді қоса алғанда, КҚ басқару кезінде мобильді байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салынады. Егер жүргізушіге сапар кезінде ұялы телефонды пайдалану қажет болса, Қазақстан Республикасының ЖЖЕ-ге сәйкес КҚ-ны тоқтатуы керек.

5.4.1.2. Жол жүру үшін қауіпсіз жағдайлар жасауға, өзінің іс-әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен жол қозғалысының басқа қатысушыларына, олардың көлік құралдарына және өзге де мүлкіне зиян келтірмеу.

5.4.1.3. Адал, әдепті іс-қимылдар жасау, ықыласты және өзара сыпайы болу, жол қозғалысы үшін кедергілер мен қауіп тудырмау.

5.4.1.4. Жолдардың ластануына жол бермеу, оның ішінде арнайы бөлінген жерлерден тыс жерлерге қоқыс, қозғалысқа қауіп төндіретін заттар мен өзге де заттар тастамау.

5.4.1.5. Жүргізушілер жолды және басқа да жол қозғалысына қатысушыларды жақсы көріп отыруға міндетті, бұл үшін көру қабілеті бұзылған жағдайда көзілдірік немесе жанаспалы линзалар, егер олар киюге көрсетілген болса, пайдалануға тиіс.

5.4.1.6. КҚ-да жолаушылар саны мен тасымалданатын жүктің салмағы осы КҚ-ны пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген шамалардан аспауы тиіс.

5.4.1.7. Қозғалыс кезінде барлық жүргізушілер күндізгі жүріс оттарын немесе жақын жарық фараларын қосуға міндетті. Жақын жарық шамдары күндізгі уақытта КҚ көрінуін жақсартады және ЖКО ықтималын азайтады.

5.4.1.8. КҚ артқы жүріс қозғалысын мейлінше азайтқан жөн. Тоқтаған (тұрақтаған) кезде КҚ-ны мүмкіндігінше қозғалысты бастау кезінде алдымен алға жылжитындай етіп қою қажет.

5.4.1.9. Артқы жүріс қозғалысын бастамас бұрын жүргізуші авариялық оттарды қосып, жаяу жүргіншілер мен басқа да КҚ жоқ екеніне көз жеткізуі тиіс. Артқы көрініс шолуы шектеулі болатын КҚ жүргізушілері қозғалысты бастамас бұрын ЖКО болдырмау үшін екі дыбыстық сигнал бергені жөн. Егер КҚ-да экипаждың өзге мүшелері болса, артқы жүріспен қозғалғанда олардың көмегін пайдалану қажет.

5.4.1.10. Жүргізуші КҚ-дан шығып кеткен барлық жағдайларда, ол алдыңғы доңғалақтарды жол жиегіне/бордюрға қарай бұрып, қозғалтқышты сөндіріп, тұрақ тежегішін пайдалануға міндетті. Механикалық беріліс қораптарында, жоғарыда

аталған талаптарды орындағаннан кейін, КҚ-ны бірінші берілісте қалдыру қажет, ал ылдиға түсу кезінде артқы берілісті қосу қажет. Салоннан шығар алдында жолай және қарама-қарсы бағыттарда жүріп келе жатқан КҚ-ның жоқтығына көз жеткізу керек. Тұрақтарда, тиеу-түсіру немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде КҚ-ның алға немесе артқа өздігінен сырғып кетпеуі үшін доңғалақтың астына кері сырғуға қарсы табандықтарды (тіреулерді) қою қажет.

5.4.1.11. КҚ мен Арнайы техниканың барлық жүргізушілерін елді мекендерден тыс жерлерге жол жүргенде жарық шағылыстырғыш кеудешемен/арнайы киіммен қамтамасыз еткен жөн және КҚ-ның елді мекендерден тыс жерлерге бару кезінде, сондай-ақ көлік құралдарын жөндеу және қызмет көрсету кезінде міндетті түрде кигені жөн.

5.4.1.12. КҚ жөндеу тек осы үшін жабдықталған үй-жайларда немесе бекеттерде жарамды құралдар мен құрылғылар пайдаланыла отырып және ЕҚжҚ жөніндегі талаптар сақтала отырып, оның ішінде ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

5.4.1.13. Жолда КҚ-ны пайдалануға тыйым салынатын ақаулар туындаған кезде, жүргізуші жөндеу жұмыстарының күрделілігіне және жүргізушінің разрядына сәйкес оларды өз бетінше жояды, егер бұл мүмкін болмаса, онда жүргізуші тұрақ немесе жөндеу орнына сүйрегіш көмегімен немесе қажетті сақтық шараларын сақтай отырып, өз бетінше жетуі қажет.

5.4.1.14. КҚ ақаулығының барлық жағдайларында жүргізуші КҚ техникалық жай-күйі үшін жауапты адамды хабардар етуі, КҚ жөндеу жұмыстары мен одан әрі жол жүруіне қатысты әрі қарайғы іс-қимылдарды келісуі қажет. Дала жағдайында жүргізушіге тек оның разрядымен және лауазымдық нұсқаулықтарымен көзделген КҚ жөндеу жұмыстарын ғана орындауға рұқсат етіледі:

1) 4-разрядты КҚ жүргізушісі – желіде жұмыс істеу кезінде пайда болған, механизмдерді бөлшектеуді қажет етпейтін жылжымалы құрамның ұсақ пайдалану ақауларын жою;

2) 5-разрядты КҚ жүргізушісі – желіде жұмыс істеу кезінде пайда болған, механизмдерді бөлшектеуді қажет етпейтін, қызмет көрсетілетін КҚ-ның ұсақ пайдалану ақауларын жою. Техникалық көмек болмаған жағдайда дала жағдайында реттеу жұмыстарын орындау;

3) 6-разрядты КҚ жүргізушісі – желіде жұмыс істеу кезінде пайда болған, механизмдерді бөлшектеуді қажет ететін, жылжымалы құрамның пайдалану ақауларын жою, техникалық көмек болмаған кезде дала жағдайында реттеу жұмыстарын орындау.

5.4.1.15. Дала жағдайында жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде ЕҚжҚ және ЖЖЕ талаптары сақталуы тиіс.

5.4.1.16. Жүргізушілерге доңғалақтарды жөндеу және шиналарды ауыстыру жұмыстарын шина жөндейтін мамандандырылған пункттерден (учаскелерден) тыс жерде орындауға тыйым салынады, ақаулы доңғалақтарды ЕҚжҚ талаптарын сақтай отырып, оның ішінде ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаттарына сәйкес

қосалқы доңғалаққа ауыстыруға рұқсат етіледі.

5.4.1.17. Рейс кезінде жүргізуші КҚ-ны мезгіл-мезгіл қарап, атап айтқанда мыналарды тексеруі тиіс:

1) шиналардағы ауа қысымы (аспаппен);

2) майдың және салқындатқыш сұйықтықтың кемуі (көзбен шолып);

3) доңғалақ сомындарын бұралып тартылуы (аспаппен);

4) пневможүйелер мен гидрожүйелер шлангілерінің жай-күйі және олардың қосылыстары (көзбен шолып);

5) жүктің бекітілу сенімділігі және бекіту сымарқандары мен шынжырларының бұралып тартылуы;

6) зақымдану ұрғысынан жүктің жай-күйі (көзбен шолып).

5.4.1.18. Тексеру жүргізушінің тынығуға, үзіліске аялдауы аяқталғаннан кейін жүргізілуі мүмкін (бұл ретте нақты тынығу уақытына тексеру жүргізуге жұмсалған уақыты кірмейді).

5.4.1.19. Жүргізуші сондай-ақ КҚ-ны және тасымалданатын жүкті жалпы көзбен шолып қарап тексеруге міндетті. Қажет болған жағдайда сыртқы жарық аспаптары, жарық қайтарғыштар, артқы көрініс айналары және нөмірлік белгілер тазартылуы тиіс.

5.4.1.20. Жүргізуші КҚ үшін рұқсат етілген жолаушылар санынан асып кетпеуі үшін толық жауапты болады және ешбір жағдайда осы талапты бұзбауға тиіс.

5.4.2. Тәуліктің қараңғы мезгілінде және ауа райы нашар болған жағдайда жол жүру

5.4.2.1. Тәуліктің қараңғы мезгілінде және ауа райы нашар болған жағдайда сапарды азайту керек. Тәуліктің қараңғы мезгілінде және/немесе ауа райы нашар болған жағдайда қалааралық сапарларға үзілді-кесілді шықпаған жөн. Өндірістік қажеттілік жағдайында және сапарды неғұрлым қолайлы уақытқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, мынадай талаптар міндетті түрде сақталуы тиіс:

1) тәуліктің қараңғы мезгілінде қозғалыс жылдамдығы жолдың осы учаскесінде рұқсат етілген ең жоғары жылдамдықтан кемінде 10 км/сағатқа төмендетілуі тиіс;

2) атмосфералық жауын-шашын, тұман және жолдың көріну мүмкіндігі жеткіліксіз деңгейде болатын өзге де жағдайлар кезінде немесе нығайтылған жол жиектері болмаған кезде – жылдамдық осы учаскедегі жол белгілерімен рұқсат етілген ең жоғары жылдамдықтан кемінде 20 км/сағ төмендетілуі тиіс;

3) жоғарыда көрсетілген шарттар жиынтығы кезінде (тәуліктің қараңғы мезгілі, жолдың көрінуінің жеткіліксіздігі) жылдамдық кемінде 30 км/сағ төмендетілуі тиіс.

4) көктайғақ кезінде жоғарыда көрсетілген шарттармен бірге қозғалыс жылдамдығы 20 км/сағ дейін төмендетілуі тиіс

5.4.2.2. ҚМГ компаниялар тобының немесе Мердігерлік ұйымның жүргізушілерінің лауазымдық нұсқаулықтарында және ЕҚжҚ, жол жүру

қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтарда тәуліктің қараңғы мезгілінде және жолдың көріну мүмкіндігі жеткіліксіз деңгейде болған жағдайларда көліктің жол жүру кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері көрсетілуі тиіс.

5.4.2.3. Бірнеше КҚ қозғалысы кезінде жүргізушілер бір-бірін жолдағы қауіптер туралы хабардар етуі тиіс. Осындай хабардар етудің тәсілдері мен тәртібіне оқыту жүргізушілерге нұсқама беру барысында жүргізіледі, сондай-ақ нұсқаулықтарда құжат түрінде көрсетіледі.

5.4.2.4. Жүргізуші КҚ-ны немесе тартқыш КҚ пен тіркемені (жартылай тіркемені) сүйреу, тіркеу, ажырату жұмыстарын бастамас бұрын тіркеменің (жартылай тіркеменің), сүйреу құрылғыларының жарамдылығын, құрылғылар мен құралдардың болуы мен олардың жарамдылығын тексеруге тиіс.

5.4.2.5. Тіркемені (жартылай тіркемені) тіркеп сүйреу кезінде тартқыш-тіркеу құрылғысының авариялық бұзылуы жағдайында тіркеме мен тартқышты жалғау үшін міндетті түрде тиісті сақтандыру сымарқанын немесе тізбегін қолдану қажет.

5.4.3. Қысқы уақытта тасымалды жүзеге асыру ерекшеліктері

5.4.3.1. Күзгі-қысқы кезең басталғанға дейін жүргізушілар құрамына осы кезеңде көлік жүргізу ерекшеліктері бойынша нұсқаулық өткізілуі тиіс. Жүргізушілер күзгі-қысқы маусымда көлік жүргізудің қауіп-қатерін түсінуі, сондай-ақ осы кезеңде КҚ басқару кезіндегі қажетті сақтық шараларын білуі және қолдануы тиіс.

5.4.3.2. Қысқы уақытта КҚ жылдамдық режимі қозғалыстың рұқсат етілген жылдамдығы 60 км/сағ және одан жоғары болған кезде кем дегенде 15-20 км/сағ төмендетілуі тиіс. Көктайғақ кезінде, сондай-ақ жолдың көріну мүмкіндігі нашарлаған жағдайда жылдамдықты рұқсат етілген режимнен 2 есе төмен төмендету ұсынылады. Спутниктік мониторинг жүйелеріндегі жылдамдық режимінің шегі тиісінше Регламенттің 5.1.3.3-тармағына сәйкес неғұрлым төмен шектерге қайта қойылуы тиіс.

5.4.3.3. КҚ паркін қысқы пайдалану кезеңіне алдын ала тексеріп, дайындау керек, маусымдық техникалық қызмет көрсетуді жүргізу және қысқы шиналарды дайындау қажет.

5.4.3.4. Вахталық КҚ, автобустар және басқа да КҚ жарамды жылыту құрылғыларымен жабдықталуы тиіс. Жылыту жүйесінің конструкциясы капот астындағы кеңістіктен, сондай-ақ жылыту құралынан шығатын газдардың КҚ кабинасына немесе шанағына (автобус салоны, фургон-шанақ және т.б.) кіру мүмкіндігін болдырмайтындай етуі тиіс. Әр түрлі қолдан жасалған жылытқыштарды (дизельді, бензинді, электрлі, қатты отынды және басқа да жылытқыштарды) пайдалануға тыйым салынады.

5.4.3.5. Қысқы вахталық жолдар барлық ұзына бойына ағаш белгілермен белгіленуі, көрсеткіштері қойылуы және қар жинайтын машиналардың, автоколонналардың қозғалысына дайындалуы тиіс, олардың берілген есептік

жылдамдықтары мен жүктемелері кезінде қауіпсіз, үздіксіз және ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.3.6. Желіге шыққан кезде КҚ техникалық жарамдылығын, механизмдер мен жүйелердің реттелуін, сондай-ақ қысқы жарақтың барлық элементтерінің тұтастығы мен сенімділігін, қозғалтқыш пен радиатордың жылынуын, кабинаның жылуы мен жылынуын мұқият тексеру қажет.

5.4.3.7. Аязда жолда кез келген ақаулықтарды жою қиын болатынын және жүргізушінің қолдары үсіп кетуіне, КҚ-ның ұзақ тұрып қалуына және мұздауына әкелуі мүмкін екенін есте ұстау қажет.

5.4.3.8. Қар басқан жолдармен жол жүрген кезде КҚ- да сүйреу сымарқаны, сүймен бен күрек (жеңіл КҚ-да – сүйреу сымарқаны мен күрек) болуы қажет.

5.4.3.9. КҚ-ны ұзақ қашықтыққа жолға жібергенге дейін жоспарланған маршрутпен жол жүру шектелмегеніне және жолдардың жабылмағанына, дауылды ескертулердің болмағанына көз жеткізу қажет. Сондай-ақ, жүргізушілерді маршруттың ерекшеліктері, жолдағы қауіпсіздік шаралары және жақын маңдағы медициналық көмек пункттерінің, жылыну, тамақтану, жүргізушілердің тынығу және техникалық көмек көрсету пункттерінің орналасқан жері туралы хабардар ету қажет.

5.4.4. КҚ басқару ұзақтығы, үзілістер, тынығу ұзақтығы

5.4.4.1. Жүргізушілердің жұмысын ұйымдастыру, сапарларды жоспарлау, жүргізушілердің үзіліс және тынығу жиілігі Жүргізушілердің еңбегі мен демалысын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану жөніндегі заңнамалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

5.4.4.2. Заңнамалық талаптар қолданылатын КҚ тахографтармен жарақтандырылуға тиіс, ал диаграммалық дискілерді жазу, есепке алу және сақтау жоғарыда көрсетілген талаптарда көзделген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

5.4.4.3. Ұзақ қашықтыққа жол жүру кезінде қауіпсіздік мақсатында жүргізушіге алғашқы 2-3 сағат көлік басқарудан кейін қосымша 15 минуттық үзіліс беру ұсынылады. Бұл ретте мұндай үзіліс жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларында көзделген бұдан кейінгі үзілістерге әсер етпейді және оларды жоймайды.

5.4.4.4. Үзіліс кезінде жүргізуші басқа ешқандай жұмысты орындамауға тиіс. Жүргізушілердің еңбек, үзіліс пен тынығу мәселелері рейс алдындағы нұсқама бағдарламасына енгізілуі тиіс.

5.4.5. Қар жауған кезде және шаң кезінде жолдың көрінуі мүмкіндігі жеткіліксіз деңгейде болған жағдайда КҚ басқару

5.4.5.1. Бір бағытта бірнеше КҚ жүріп келе жатқан алда келе жатқан КҚ, сондай-ақ қарама-қарсы бағытта жүріп келе жатқан КҚ кейбір жағдайларда қар (шаң) бұлтын тудырып, жолдың көрінуін нашарлатуы мүмкін. Бұл ретте жүргізуші мынадай ұсыныстарды басшылыққа алғаны жөн:

1) КҚ-ны жарық аспаптарымен белгілеу;

2) жылдамдықты төмендету және көлікті тежеуге дайындалу;

3) қар (шаң) бұлты шекарасы біткенге дейін қауіпсіз қашықтықты сақтау;

4) басқа КҚ-ның артынан келе жатқан кезде толық тоқтағанға дейін көлікті қауіпсіз тежеу үшін жеткілікті қашықтықты сақтау;

5) жолдың қарсы жолағына шықпау;

6) жолдың көрінуі жеткіліксіз деңгейде болған жағдайда КҚ басып озуға жол бермеуге міндетті.

5.4.6. Көліктік тасымалдау уақытша тоқтатылатын жағдайлар

5.4.6.1. КҚ қозғалысы мынадай жағдайларда уақытша тоқтатылады:

1) тұман, нөсер, бұршақ, боран, қар жауу, шаңды боран кезінде, егер жүргізушінің кабинасынан тәуліктің жарық немесе қараңғы мезгілінде жолдың көріну мүмкіндігі елді мекендерден тыс жерлерде фаралардың алыс жарығы кезінде 50 м-ден кем болса, қалада – 30 м-ден кем болса. Бұл ретте, қала/елді мекендер бойынша жол жүруге тек қатты өндірістік қажеттілік жағдайында және ҚМГ компаниясы тобының ұйымның бірінші басшысының немесе оның орынбасарының рұқсатымен ғана жол беріледі. Жүргізуші кабинасынан көрінетін көрініс дегеніміз – жүргізушінің жолдағы объектілерді, қарама-қарсы және жолай көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және т.б. айнымай танып, қиналмай көруі. Маршруттың жекелеген учаскелерінде (300 м-ден аспайтын) жолдың көріну мүмкіндігі 50 м-ден кем қашықтықпен (ойпаттарда, сайларда, өзен аңғарларында) шектелген жағдайлар ерекшелікке жатады. Бұл ретте жүргізуші кем дегенде жер төсемінің жиегін көре алуы тиіс, қажетті сақтық шараларын сақтап, 20 км/сағ артық емес жылдамдықпен жүруге тиіс;

2) көктайғақ кезінде, жолдың бетіне мұз қатқан кезде қозғалыс жылдамдығы сағатына 20 км-ден аспауы тиіс, бұл ретте қауіпсіз жол жүру жағдайлары қамтамасыз етілуі тиіс. Көктайғақ аймағының ұзақтығы қалалық маршруттарда 100 м-ден, қала маңындағы маршруттарда 1 км-ден, жол еңісі 4% артық болмайтын қалааралық маршруттарда 3 км-ден аспайтын маршруттар ерекшелікке жатады;

3) елді мекендерден тыс жерлерде желдің жылдамдығы 25 м/с артық болса;

4) елді мекендерде желдің жылдамдығы 25 м/с артық болған жағдайда тасымалдарды шектеу қажет, тек қатты өндірістік қажеттілік жағдайында және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысының немесе оның орынбасарының рұқсатымен ғана тасымалдауға болады;

5) жолда қар, құмды борандар немесе көлік құралының қозғалысына кедергі келтіруі мүмкін басқа да кедергілер бар екені туралы ақпарат болған кезде;

6) қалааралық маршруттар мен тұрақты желі маршруттарында ауа температурасы минус 40^0 С және одан төмен болғанда. Егер адамдарды тасымалдау елді мекендердің ішінде немесе топталған бірнеше автобустармен жүзеге асырылған жағдайда, жолаушыларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын ҚМГ компаниялар тобы ұйымдары немесе Мердігерлер осы тармақтың

талаптарынан ауытқуы мүмкін, бұл ретте автобустардағы адам саны автобустардың бірі істен шыққан кезде оның жолаушыларын басқаларына ауыстырып отырғызатындай болуы тиіс. Егер негізгі КҚ қозғалысы топталып немесе ілесіп жүретін машинамен (машиналармен) жүзеге асырылса, жүктерді технологиялық тасымалдауды немесе технологиялық көлік жұмысын жүзеге асыратын ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары немесе Мердігерлер осы тармақтың талаптарынан ауытқуы мүмкін. Бұл ретте жүргізушілер мобильді немесе спутниктік байланыс құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс;

7) егер жолды су, қар басса немесе жүргізуші жолдың шекарасын көрмейтін басқа да жағдайларда;

8) егер жолда жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде тасымалданатын жолаушылар мен жүргізушінің денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін жағдайлар пайда болса;

9) өрт, мұнай, газ, жылу, электр және басқа да коммуникациялардағы авариялар кезінде;

10) көліктік тасымалдардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін дүлей құбылыстар мен жағдайлар (сел тасқындары, көшкін, сең жүру, су тасқыны, жер сілкінісі және т.б. салдарынан жол учаскелерінің, инженерлік құрылыстардың ішінара бұзылуы) туындаған кезде.

5.4.6.2. Жолдарда КҚ қозғалысы үшін қауіпті жағдайлар туындаған жағдайда, көліктік тасымалдарды уақытша тоқтату құқығын мыналар береді:

1) диспетчерлік қызметтер (егер мұндайлар болса), ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының өндірісті жедел басқару қызметтері, олар болмаған кезде, ӨҚ және ЕҚОҚ қызметі;

2) ҚМГ компаниялар тобының немесе мердігерлік ұйымның мүддесінде қызметтер көрсететін/жұмыстарды орындайтын тұлғаның Мердігерлік ұйымының басшылығы (егер тасымал үшінші тұлғаны тарта отырып жүзеге асырылса).

5.4.6.3. Егер маршрутта жүргізуші қозғалысты тоқтату туралы өз бетінше шешім қабылдаса, ол бұл туралы диспетчерлік қызметке немесе ӨҚ және ЕҚОҚ қызметіне хабарлайды. Жүргізуші маршрут бойындағы күрделі жол-климаттық жағдайларда қозғалысты жалғастыратын болып шешсе, ол өзінің иелігіндегі барлық құралдармен (жарық және дыбыс сигнализациясы, тиісті қозғалыс жылдамдығын таңдау, басқа КҚ сүйемелдеуі және т.б.) қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте жүргізуші жүру жолына арналған жүру уақытының нормаларына және басқа нормативтерге қарамастан, жолаушылар мен жүктерді қауіпсіз жеткізуді қамтамасыз ететін жылдамдықпен қозғалуға тиіс.

5.4.6.4. КҚ жүргізушілеріне желіге шығарда нұсқау жүргізілуі тиіс, онда қауіпті жағдайлар туындаған кезде жүргізуші КҚ-ны қауіпсіз жерге (жолдан түсу, тыныңу алаңында, тұрақта, жол жиегінде) тоқтатып, жолаушылардың қауіпсіздігі, басқа КҚ-мен соқтығыспау үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті екені айтылуға тиіс.

5.5 КҚ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.5.1. КҚ мен Арнайы техниканың қауіпсіз пайдаланылуын бақылау

5.5.1.1. КҚ мен Арнайы техниканың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды күшейту, КҚ мен Арнайы техника пайдаланылатын Объектілерде жүргізушілерге (машинистерге) техникалық және әдістемелік көмек көрсету үшін жұмыс топтары құрылады, оның құрамына ӨҚ және ЕҚОҚ қызметінің көлік қауіпсіздігі жөніндегі маманы (немесе ЖЖҚ қызметінің инженері) міндетті түрде енгізіледі.

5.5.1.2. Жұмыс тобының Объектілерге баруы бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Әрбір Объект Объектіде КҚ мен Арнайы техниканы пайдалану ерекшеліктерін ескеретін бекітілген сұрақтар тізбесі бойынша кемінде 6 айда 1 рет тексеріледі.

5.5.2. КҚ техникалық жай-күйінің диагностикасы

5.5.2.1. КҚ мен Арнайы техниканың диагностикасы техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің технологиялық процесінің бір бөлігі болуы тиіс.

5.5.2.2. КҚ мен Арнайы техника пайдаланылатын Объектілерде Заңнамалық талаптарға сәйкес барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған КҚ мен Арнайы техниканы диагностикалау пункттері енгізілуі тиіс.

5.5.3. КҚ техникалық қызмет көрсету және жөндеу

5.5.3.1. КҚ мен Арнайы техника пайдаланылатын Объектілерде КҚ мен Арнайы техникаға арналған ТҚК-1 жоспарлы-ескерту жүйесі Заңнамалық талаптарға қатаң сәйкестікте орнатылуы тиіс.

5.5.3.2. Орындалатын жұмыстардың көлеміне, еңбек сыйымдылығына, оларды жүргізу мерзімділігіне қарай мынадай ТҚК түрлері көзделген: ауысым сайынғы ТҚК; ТҚК-1, ТҚК-2 және Арнайы техникаға кейінгі қызмет көрсету, маусымдық ТҚК.

5.5.3.3. КҚ мен Арнайы техника пайдаланылатын әрбір Объектіде КҚ мен Арнайы техниканың жүріп өткен жолына, мотосағаттарға және пайдалану шарттарына қарай ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізудің жылдық кесте жоспары жасалуы тиіс.

5.5.3.4. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің барлық түрлерін кестеге сәйкес орындау қажет, ол әрбір КҚ мен Арнайы техника үшін орташа тәуліктік жүрген жол және ТҚК арасындағы жүрген жол нормасы негізге алына отырып бір жылға жасалуға тиіс.

5.5.3.5. КҚ (арнайы техникаға) техникалық қызмет көрсету және жөндеу түрлері бойынша жұмыстардың тәртібі мен көлемі Заңнамалық талаптарға сәйкес егжей-тегжейлі әзірленуі және жұмыс орнында (ТҚК жүргізу орындарында) технологиялық карталар түрінде болуы тиіс. Жөндейтін жұмысшылар мен жүргізушілер (машинистер) осы карталар бойынша қызмет көрсету тәртібі мен

көлемін зерделеп, оларды қатаң ұстануы тиіс. КҚ мен Арнайы техниканың түрлері бойынша жұмыс көлемі қатаң міндетті болып табылады.

5.5.3.6. Диагностикалауды жүргізу кезінде технологиялық операциялардың тәртібі былайша белгіленеді: жинау-жуу операциялары; экспресс-диагностикалау; ТҚК-1; тереңдетілген диагностикалау; ТҚК-2.

5.5.3.7. Маусымдық қызмет көрсету КҚ мен Арнайы техниканы көктемгі-жазғы немесе күзгі-қысқы кезеңдерде пайдалануға дайындау үшін жылына 2 (екі) рет жүргізілуі тиіс. Оны суық климат аймағында жұмыс істейтін КҚ мен Арнайы техника үшін ТҚК бөлек жоспарланған түрі ретінде жүргізген жөн. Пайдаланудың қалған басқа жағдайлары үшін маусымдық қызмет көрсетуді ТҚК-1 немесе ТҚК-2-мен біріктіреді.

5.5.3.8. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бөлімшелерінде КҚ мен Арнайы техника тораптары мен агрегаттарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасы үшін жөндеу жұмысшыларының қатаң дербес жауапкершілігі белгіленуі тиіс.

5.5.4. Техникалық көмек

5.5.4.1. Техникалық көмек желіде қажетті жұмыстарды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда КҚ мен Арнайы техниканың ақауларын жою үшін және КҚ мен Арнайы техниканы гаражға жеткізу (сүйрету) үшін ұйымдастырылады.

5.5.4.2. Желілердегі КҚ мен Арнайы техниканы жөндеу үшін конструктивтік ерекшеліктері мен оның жұмыс шарттарын ескере отырып, КҚ мен Арнайы техниканы қосалқы бөлшектердің, құрылғылар мен құралдардың толық жиынтығымен жабдықтап, жіберу қажет.

5.5.4.3. Техникалық көмек көрсететін КҚ-да жұмыс істеу үшін механиктің міндеттерін қоса атқаратын тәжірибелі жүргізушілер (машинистер) бөлінуі тиіс.

5.5.5. БТП-да КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйін тексеру

5.5.5.1. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарындағы барлық БТП ҚР СТ МЕМСТ Р 51709 сәйкес КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйін тексеруге арналған қазіргі заманғы құралдармен, аспаптармен және аппаратурамен жабдықталуы тиіс.

5.5.5.2. БТП-да бокс немесе аспалы жабыны мен қару шұңқыры немесе эстакадасы бар ашық алаң болуға тиіс, онда ЖЖҚ-ға әсер ететін тораптар мен аспаптардың техникалық жай-күйін тексеруге арналған жылжымалы диагностикалық аспаптар мен керек-жарақтар: люфтіні және рөл дөңгелегінің бұрылу күшін өлшейтін аспап, фаралардың орнатылуын тексеретін аспап, шиналардағы ауаның ішкі қысымын тексеретін манометрлердің орнатылуын тексеретін аспап, деселерограф және т.б. болуы тиіс.

5.5.5.3.КҚ мен Арнайы техниканың агрегаттарын, механизмдері мен тораптарын желіге шығару және КҚ мен Арнайы техниканың желіден қайтып келуі

кезінде бақылап тексеру бойынша жұмыстардың тәртібі мен көлемі БТП-да KMG-F-3706.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген үлгі бойынша технологиялық карта түрінде орнатылуы тиіс.

5.5.5.4. КҚ мен Арнайы техниканы желіге шығаруды және желіден қайтып келуін бақылау механигі немесе КҚ мен Арнайы техниканы олардың техникалық жай-күйін тексергеннен кейін желіге шығару және желіден қайтып келуі үшін жауапты тұлға жүзеге асырады. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуден кейін желіге шығатын КҚ неғұрлым мұқият тексерілуі тиіс.

5.5.5.5. КҚ техникалық жарамдылығына көз жеткізгеннен кейін механик жол парағында медицина қызметкерінің мөртабаны мен метеорологиялық және жол жағдайлары туралы белгінің бар-жоғын тексереді, КҚ-ның жүргізушіге техникалық жарамды күйде берілгенін және гараждан шығуға рұқсатын қол қойып куәландырады.

5.5.5.6. Көлік механиктерінің немесе КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйіне жауапты адамдардың жеке қорғаныш құралдарының (ЖҚҚ) және саймандарының тізбесі KMG-F-3707.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген.

5.5.5.7. КТП аспаптық бақылау құралдарының тізбесі KMG-F-3708.2-13/ RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген.

5.5.6. Көлік қауіпсіздігі жөніндегі мамандар саны

5.5.6.1. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында ИТҚ ішінен көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін (немесе ЖЖҚ жөніндегі) қызметкерлердің саны КҚ (Арнайы техника) және жүргізушілердің (машинистердің) санына қарай айқындалады.

5.5.6.2. Көлік қауіпсіздігі (немесе ЖЖҚ бойынша) жөніндегі ИТҚ штаттық лауазымдарының үлгілік тізбесі: жетекші инженер, инженер және бақылау механигі.

5.5.7. ЖЖҚ бойынша арнайы КҚ-ны жарақтандыру және пайдалану тәртібі

5.5.7.1. «Жол жүру қауіпсіздігі» арнайы КҚ (бұдан әрі – ЖЖҚ КҚ) ЖКО-ның алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруға, желідегі жүргізушілердің (машинистердің) жұмысын, олардың денсаулық жағдайын бақылауға, КҚ техникалық жай-күйін және КҚ мен Арнайы техниканы пайдалану қағидаларының сақталуын тексеруге, жолдар мен кірме жолдардың жағдайын тексеруге, жүргізушілердің (машинистердің) ЖЖЕ сақтауына, ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді кәсіпішілік жолдармен тасымалдауға ілесіп жүруді, сондай-ақ ЖКО орнын қарап-тексеру кезінде оның пайда болу себептері мен мән-жайын уақтылы анықтау мақсатында ҚМГ компаниялар тобы ұйымының КҚ қатысуымен болған ЖКО орнына баруды ұйымдастыруға арналған.

5.5.7.2. ЖЖҚ КҚ ҚМГ компаниялар тобының тиісті ұйымының ЖЖҚ инженерінің қарамағында болады, оған оны қатаң мақсатқа сай пайдалану үшін

жауапкершілік жүктеледі. ЖЖҚ КҚ KMG-F-3709.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген арнайы жабдықтармен және аспаптармен жабдықталуы тиіс.

5.5.7.3. ЖЖҚ КҚ жол жүруі кезінде жабдықтың (аспаптардың) сақталуын қамтамасыз ету үшін оларды бөлек бөлікте, амортизациялайтын материалдар үстіне орнатады. Бөліктер орнатылатын жабдықтың өлшемдеріне сәйкес болуы тиіс, ал жәшіктердің есіктеріне автомобиль үлгісіндегі құлыптарды орнатқан жөн.

5.5.7.4. Ультрақысқа толқынды радиотелефон станциясы (Motorola түріндегі) аспаптар қалқаншасының астына шанақтың алдыңғы панеліне орнатылады.

5.5.7.5. ЖЖҚ КҚ-ға екі жағынан биіктігі кемінде 100 мм болатын қарама-қарсы түстегі әріптермен «Жол қозғалысы қауіпсіздігі қызметі» деген жазу жазылады.

5.6. КӨЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫ ЖӘНЕ НҰСҚАМА БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.6.1. Оқыту және білімді тексеру тәртібі

5.6.1.1. ЖЖҚ мәселелері бойынша оқытудың мақсаты жүргізушілерде (машинистерде) және ЖЖҚ жөніндегі ИТҚ-да оқытудың бүкіл кезеңінде қалыптасатын кәсіби білім, білік және дағды қалыптастыру болып табылады.

5.6.1.2. Жүргізушілерді (машинистерді) және ЖЖҚ жөніндегі ИТҚ-ны оқыту олардың жұмыс өтілі мен біліктілігіне қарамастан жүргізілуі тиіс.

5.6.1.3. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүргізушілер (машинистер) қызметтің осы түріне тиісті рұқсаты бар ұйымдарда оқудан өтеді.

5.6.1.4. ЖЖҚ жөніндегі ИТҚ және ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін жауапты адамдар мезгіл-мезгіл, кемінде 3 жылда 1 рет, Заңнамалық талаптарға сәйкес кадрларды кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері бойынша оқудан және білімін тексеруден өтуге міндетті.

5.6.1.5. ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері бойынша білімді тексеру біліктілікті арттыру курстарында жүргізіледі, оны оқу бағдарламасы аяқталғаннан кейін кемінде 3 адамнан тұратын емтихан комиссиясы жүргізеді.

5.6.1.6. Білімін тексеру нәтижелері еркін нысанда жасалатын хаттамамен ресімделеді.

5.6.1.7. ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері бойынша білімін тексеруден өтпеген ЖЖҚ жөніндегі ИТҚ және ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін жауапты адамдар білімі қайта тексерілгенге дейін атқаратын қызметінде қалады. Білімді қайта тексеру алдыңғы білімді тексеру жүргізілген күннен бастап 3 айдан кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

5.6.1.8. Білімін тексеруден өтпеген жауапты адам Заңнамалық талаптармен белгіленген тәртіппен жұмыстан қайта шеттетіледі.

5.6.1.9. ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыруға жауапты адамдар мынадай жағдайларда ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері бойынша білімдерін қосымша тексеруден өтеді:

1) Заңнамалық талаптар өзгерген кезде;

2) ҚМГ компаниялар тобы ұйымы басшысының шешімі бойынша жаңа жабдық пайдалануға берілген кезде немесе жаңа технологиялық процестер енгізілген кезде;

3) жауапты тұлғаны басқа жұмыс орнына ауыстырған кезде немесе оны ҚМГ компаниялар тобы ұйымының шешімі бойынша ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша қосымша білімді талап ететін басқа лауазымға тағайындаған кезде;

4) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының КҚ қатысуымен болған ЖКО-ны тексеру жөніндегі комиссияның шешімі бойынша;

5) жұмысында 1 жылдан астам үзіліс болған кезде.

5.6.1.10. ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін жауапты болатын жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлер ЖЖҚ қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері бойынша білімін тексеруден еңбек шартына қол қойылған күннен бастап 1 айдан кешіктірмей өтеді.

5.6.2. Жүргізушілерді (машинистерді) ЖЖҚ бойынша және КҚ техникалық пайдалану бойынша оқыту тәртібі

5.6.2.1. ЖЖЕ саласында жүргізушілерге (машинистерге) арналған техникалық минимумды дайындау және жүргізу жыл сайын KMG-F-3710.2-13/RG-3691.2-13 нысанына сәйкес оқу жоспары бойынша, бекітілген кестеге бір оқу жылына кемінде 20-24 сағат көлемінде өткізілуі тиіс.

5.6.2.2. Оқыту қажетті жабдықтармен, көрнекі құралдармен және насихаттау құралдарымен жабдықталған ЖЖҚ кабинеттерінде (кластарында) ЖЖҚ инженерінің басшылығымен өткізілуі тиіс.

5.6.2.3. Жүргізушілерді (машинистерді) оқыту және білімін тексеру кемінде жылына 1 рет жүзеге асырылады.

5.6.2.4. Оқытуды (сабақтар, дәрістер, семинарлар) ЖЖҚ қамтамасыз ету үшін жауапты болатын, жеткілікті біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар ИТҚ мамандары жүргізеді.

5.6.2.5. Жұмыста 1 жылдан астам үзілісі бар жүргізушілер (машинистер) өз бетінше жұмыс істеуді бастағанға дейін оқудан және тағылымдамадан өтеді.

5.6.2.6. Жүргізушілерді (машинистерді) ЖЖҚ, ЖЖЕ саласында оқыту білімін тексерумен (емтиханмен) аяқталады. Оқыту өткізілгенін KMG-F-3711.2-13/ RG-3691.2-13 нысанына сәйкес жүргізушілер құрамымен өткізілген сабақтарды есепке алу журналына жазу қажет.

5.6.2.7. ЖЖҚ, ЖЖЕ бойынша білімін тексеруді ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ішкі құжатына сәйкес құрылатын тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиясы (ТЖЕК) өткізеді.

5.6.2.8. ЖЖҚ бойынша кезектен тыс білімін тексеруден жүргізушілер (машинистер) мынадай жағдайларда өтеді:

1) Заңнамалық талаптар өзгерген кезде;

2) жүргізушілер (машинистер) ЖЖЕ бұзғанда, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысының шешімі бойынша жаңа жабдық пайдалануға берілгенде немесе жаңа технологиялық процестер енгізілген кезде;

3) жүргізушіні (машинисті) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысының шешімі бойынша БДҚ қамтамасыз ету бойынша қосымша білімді талап ететін басқа жұмыс орнына ауыстырған кезде;

4) ҚМГ компаниялар тобы ұйымы жүргізушілерінің (машинистерінің) қатысуымен болған ЖКО-ны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның шешімі бойынша;

5) жұмысында 1 жылдан астам үзіліс болған кезде.

5.6.2.9. Білімді кезектен тыс тексеру, егер ол білімді кезеңдік тексерудің толық көлемінде жүргізілсе, кезеңдік тексеруге теңестіріледі.

5.6.2.10. Жыл сайын жүргізушіні қорғаныштық жүргізу курсы бойынша мамандандырылған ішкі оқыту жүргізілуі керек. Жоғарыда көрсетілген оқытуды жүргізушілерді (машинистерді) қорғаныштық жүргізу курсы бойынша оқытуға дайындығы бар қызметкерлер арасынан тағайындалған нұсқаушы жүргізеді.

5.6.3. ҚҚ жүргізушілеріне (машинистеріне) нұсқама жүргізу тәртібі

5.6.3.1. Нұсқамалардың мақсаты – жүргізушіге (машиниске) әр түрлі тасымалдарды қауіпсіз жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты хабарлау.

5.6.3.2. Жүргізушілер құрамына жүргізілетін нұсқаманың мынадай түрлері белгіленеді:

1) кіріспе;

2) рейс алдындағы;

3) маусымдық;

4) жоспардан тыс;

5) қайталама.

5.6.3.3. Жүргізушілерді (машинистерді) нұсқамадан өткізбей желіге жұмысқа жіберуге тыйым салынады.

5.6.3.4. Нұсқаманы ұйымдастыру, оның толық және уақытылы өткізілуін бақылау ЖЖҚ инженеріне жүктеледі.

5.6.3.5. Нұсқаманы ЖЖҚ инженері әзірлейді.

5.6.3.6. Жүргізушілердің (машинистердің) ЖЖҚ бойынша нұсқамадан өткені жөнінде тиісті журналда белгі қойылады.

5.6.3.7. ЖЖҚ бойынша кіріспе нұсқама жұмысқа қабылданатын барлық жүргізушілерге (машинистерге) жүргізіледі.

5.6.3.8. Кіріспе нұсқаманы ЖЖҚ инженері жүргізеді.

5.6.3.9. Кіріспе нұсқама мынадай ережелерді қамтиды:

1) ҚҚ ЖЖҚ ұйымдастыру қағидалары;

2) белгіленген маршруттар;

3) ЖКО кезіндегі жүргізушінің (машинистің) іс-қимылдары, авариялықты талдау және ЖЖҚ қамтамасыз ету шаралары;

4) рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексерулерден, нұсқамалардан өту тәртібі.

5.6.3.10. Рейс алдындағы нұсқама қалааралық және халықаралық тасымалдарды, қауіпті, ірі көлемді жүктерді тасымалдауды қамтамасыз ететін жүргізушілерге (машинистерге); іссапарға жіберілетін жүргізушілерге (машинистерге); автобус жүргізушілеріне жүргізіледі.

5.6.3.11. Рейс алдындағы нұсқаманы автокөлік, трактор және арнайы техниканы желіге шығару үшін жауапты болатын ИТҚ жүргізеді.

5.6.3.12. Рейс алдындағы нұсқама мынадай ережелерді қамтиды:

1) қозғалыс шарттары және маршруттағы қауіпті жерлердің бар-жоғы;

2) ауа-райы жағдайы;

3) қозғалыс режимі, тынығуды және тамақ ішуді ұйымдастыру;

4) көлік құралдарының тұрақтары мен тұрақтауының, күзетінің тәртібі;

5) жүктер мен жолаушыларды тасымалдау ерекшеліктері, темір жол өтпелері мен жол өтпелерінен, адамдар көп жиналатын орындардан жүріп өту тәртібі;

6) жолаушыларды тасымалдау ерекшеліктері.

5.6.3.13. Рейс алдындағы нұсқама өткізетін ИТҚ іссапарға шығатын жүргізушінің (машинистің) маршрут схемасының болуын бақылайды.

5.6.3.14. Маусымдық нұсқама жүргізушілер құрамын қосымша қиындықтарға, автомобильді басқару мен пайдалануға ілесе жүретін қиындықтарға дайындау мақсатында күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы тасымалдардың алдындағы кезеңдерде жылына екі рет өткізіледі.

5.6.3.15. Маусымдық нұсқаманы ЕТҰ басшысы бекіткен кестеге сәйкес ЖЖҚ инженері немесе автокөлік, трактор және арнайы техниканы желіге шығару үшін жауапты болатын ИТҚ жүргізеді.

5.6.3.16. Маусымдық нұсқамаға ауа райы жағдайларына (төмен температура, қар жауу, көктемгі су тасқыны) және басқа жағдайларға (жолаушылар-көлік ағынының ұлғаюы және т.б.) сәйкес ЖЖҚ қамтамасыз ету және автомобильді пайдалану мәселелері енгізіледі.

5.6.3.17. ЖЖҚ бойынша жоспардан тыс нұсқама ҚМГ компаниялар тобы ұйымының барлық жүргізушілерімен (машинистерімен) мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) маршруттардағы жол жүру жағдайларының қауіпті өзгерістері кезінде (жолдарда қауіпті учаскелердің пайда болуы, ауа-райы жағдайларының кенеттен өзгеруі және т.б.);

2) маршруттар кенеттен өзгерген кезде;

3) оқиғалар туралы ақпарат алынған кезде;

4) өкімдер мен бұйрықтар алынған кезде.

5.6.3.18. Жоспардан тыс нұсқамаларды ЖЖҚ инженері немесе КҚ мен Арнайы техниканы желіге шығару үшін жауапты болатын ИТҚ инженері жүргізеді.

5.6.4. Жүргізушілерді (машинистерді) арнайы даярлау және тағылымдамадан өткізу

5.6.4.1. Жүргізушілер (машинистер) жұмысқа қабылдау кезінде де, сондай-ақ КҚ-ның бір түрінен басқа түріне ауыстырылған кезде де арнайы даярлықтан және тағылымдамадан өтеді. Жүргізушіні (машинисті) тағылымдамаға жіберу практикалық сабақтардан өту үшін тәлімгер жүргізуші белгілене отырып, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысының жазбаша өкімімен ресімделеді.

КҚ мен Арнайы техниканың жаңа маркалары мен модельдеріне ауыстырылатын жүргізуші (машинист) ретінде жұмысқа алғаш кіретін жүргізушілерді (машинистерді) арнайы даярлаудың ұсынылатын тақырыптық жоспары KMG-F-3712.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген.

5.6.4.2. Теориялық дайындықпен қоса, жүргізуші (машинист) тағылымдамадан да өтеді, оның қажеттілігі жүргізушінің (машинистің) жұмыс өтіліне, оның кәсіби даярлығына және КҚ санатына байланысты болады. Жүргізушілердің (машинистердің) тағылымдамадан өту мерзімін және тағылымдамадан өтетін ауысымдарының санын ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысы немесе цех/учаске басшысы айқындайды. Ұсынылған тағылымдама мерзімі KMG-F-3713.2-13/RG-3691.2-13 нысанында көрсетілген.

5.6.4.3. Жүргізушілерге (машинистерге) арналған практикалық сабақтар тәжірибелі тәлімгер жүргізушілердің басшылығымен және келешекте жұмыс істеу жоспарланған КҚ мен Арнайы техника маркаларында өткізіледі.

5.6.4.4. KMG-F-3714.2-13/RG-3691.2-13 құжатына сәйкес жүргізушінің (машинистің) арнайы даярлықтан және тағылымдамадан өту парағы жүргізушіні (машинисті) өз бетінше жұмыс істеуге жіберу үшін негіз болады.

5.6.4.5. Жүргізушінің (машинистің) өз бетінше жұмыс істеуінің алғашқы күндері жұмыс тәжірибесі үлкен жүргізушілермен (машинистермен) желіге бір рет шығу ұсынылады.

5.6.5. Тәлімгер жүргізуші

5.6.5.1. Тәлімгер жүргізушілер КҚ жүргізушілерінің (машинистерінің) кәсіптік шеберлігін арттыру арқылы ЖКО-ның алдын алуды қамтамасыз етеді.

5.6.5.2. Тәлімгер жүргізушілер ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен жүргізушілерді (машинистерді) КҚ-ны апатсыз жүргізуге және ЖЖЕ оқытуды қамтамасыз ете алатын үздік жүргізушілер (машинистер) арасынан тағайындалады.

5.6.5.3. Тәлімгер жүргізуші өз қызметінде Заңнамалық талаптарды, ЖЖЕ-ні және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ішкі құжаттарын басшылыққа алуы тиіс.

5.6.5.4. Жүргізушілердің (машинистердің) жүргізу дағдыларын тексеру үшін, оларды тағылымдамадан өткізу үшін желіге әрбір шығу кезінде тәлімгер жүргізуші рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеру, КҚ техникалық тексеру, жол құжаттамасын ресімдеу жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтауы тиіс

және тағылымдамадан өтетін жүргізушінің осы талаптарды орындауы үшін жауапты болады.

5.6.5.5. Тәлімгер жүргізуші:

1) ЖЖҚ жөніндегі ИТҚ-ға, ЖЖҚ ұйымдастыру үшін жауапты адамға жүргізушілер құрамын оқытуға, ЖКО-ның алдын алуға мен ЖЖЕ бұзушылықтарының алдын алуға пәрменді көмек көрсетуге;

2) жұмысқа жаңадан келген жүргізушілердің (машинистердің), сондай-ақ ҚҚ-ның бір маркасынан екіншісіне ауыстырылған жүргізушілердің (машинистердің) тағылымдамасын жүргізуге;

3) жүргізушілердің (машинистердің) апатсыз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысуға;

4) жүргізушілер (машинистер) жасаған барлық ЖКО және ЖЖЕ бұзу себептерін талдауға қатысуға;

5) жүргізушілерді (машинистерді) желіге шығарда және желіден қайтып келгеннен кейін ҚҚ-ға ауысым сайын техникалық байқауды дұрыс жүргізуге үйретуге міндетті.

Тәлімгер жүргізушілер ретінде тартылатын қызметкерлерді уәждеу мақсатында моральдық ынталандыру шаралы және, мүмкіндік бар болса, материалдық ынталандыру шаралары қолданылады.

5.6.6. ЖЖҚ кабинеті (класы)

5.6.6.1. ҚҚ иесі болып табылатын ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында ЖКО-ның алдын алу үшін ЖЖҚ бойынша кабинеттер (кластар) ұйымдастырылуы тиіс.

5.6.6.2. ЖЖҚ кабинеті (класы) ЖКО және ЖЖЕ бұзудың алдын алу, жүргізушілердің (машинистердің), жөндеуші жұмысшылар мен ИТҚ кәсіптік білімі мен шеберлігін арттыру, ЖЖЕ-ны қамтамасыз ету саласындағы озық тәжірибені насихаттау бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік орталық болып табылады.

5.6.6.3. ЖЖҚ кабинетінің (класының) жұмысын басқару және оқу-техникалық құралдардың, жабдықтардың, көрнекі құралдардың және т.б. жай-күйі үшін жауапкершілік ЖЖҚ жөніндегі ИТҚ-ға жүктеледі.

5.6.6.4. ЖЖҚ кабинеті (класы) өз функцияларын табысты орындау үшін техникалық оқыту құралдарымен, көрнекі құралдармен, оқу, анықтамалық және әдістемелік әдебиеттер қорымен, насихаттау құралдарымен және басқа да жабдықтармен жабдықталуы тиіс.

5.7. АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

5.7.1. Әрбір ЖКО туралы зардап шегуші, оқиға куәгері немесе қатысушысы қол жетімді байланыс құралдарын пайдалана отырып, өзінің басшылығын, ол қолжетімді емес болмаған жағдайда, диспетчерлік қызметке немесе ӨҚ және ЕҚОҚ

қызметін хабардар етуі тиіс. ЖКО туралы хабарлау жедел түрде немесе ЖЖЕ 2-тарауының 8-тармағына сәйкес барлық қажетті шаралар қабылданғаннан кейін дереу жүзеге асырылады.

5.7.2. ЖКО туралы хабарлау, сондай-ақ КҚ мен Арнайы техниканың қатысуымен болған оқиғаларды тергеп-тексеру «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында оқиғаларды хабарлау және тергеу тәртібі туралы ережеге (KMG-PR-2235.2-13) сәйкес мерзімде жүргізілуге тиіс.

5.7.3. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін бұзушылықтарды немесе жағдайларды болдырмау, жою үшін hse_bpb@kmg.kz электрондық адресі бойынша ҚМГ Өндірістік қауіпсіздік департаментіне хабарласу қажет.

6. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімі, № 2/2020 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясаты
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімі, № 2/2020 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясаты
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы шешімі, №57 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулық
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 қарашадағы шешімі, №19/2022 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлеріне арналған «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандарты
2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ	«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
2003 жылғы 04 шілдедегі № 476-II ҚРЗ	«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының заңы
1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156-XIII ҚРЗ	«Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2001 жылғы 17 шілдедегі № 245-II ҚРЗ	«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының заңы
2003 жылғы 01 шілдедегі № 446-II ҚРЗ	«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы

2003 жылғы 01 шілдедегі № 444-II ҚРЗ	«Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығы	Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығы.	Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығы	Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығы	Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығы	Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығы	«Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі №460 бұйрығы	Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидасын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі м.а. 2015 жылғы 31	Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын бекіту туралы

желтоқсандағы №1288 бұйрығы	
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығы.	Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №359 бұйрығы	Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №358 бұйрығы	Қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №342 бұйрығы	«Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы
МЕМСТ 31972-2013	«Автомобиль көлік құралдары. Газбаллон жабдығын орнатуды бақылау әдістерінің тәртібі мен рәсімдері»
КО ТР 018/2011	«Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы 018/2011»

*Осы Регламентті пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексерген абзал. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы Регламентті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз алынып тасталған болса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

7. ЖАЗБАЛАР НЫСАНЫ

KMG-F-3692.2-13/ RG-3691.2-13	КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйін ішкі тексеру кезеңділігі
KMG-F-3693.2-13/ RG-3691.2-13	Қауіпсіз жүргізу бойынша ККБМЖ параметрлері

KMG-F-3694.2-13/ RG-3691.2-13	Жұмыскерлерді ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық тексеру журналы
KMG-F-3696.2-13/ RG-3691.2-13	Алыс сапарға немесе іссапарға шығатын жүргізушілерге (машинистерге) нұсқама жүргізуді тіркеу журналы
KMG-F-3695.2-13/ RG-3691.2-13	Желідегі жүргізушілердің (машинистердің) жұмысын бақылау және КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйін тексеру актісі нысаны
KMG-F-3697.2-13/ RG-3691.2-13	КҚ мен Арнайы техниканың желіге шығуын бақылау және техникалық ақауы себебінен желіден қайтуын есепке алу журналы
KMG-F-3698.2-13/ RG-3691.2-13	Жол парақтарының қозғалысын есепке алу журналы
KMG-F-3699.2-13/ RG-3691.2-13	КҚ жарамдылығы мен қауіпсіздігін жүргізушінің өзі тексеріп бақылау парағы
KMG-F-3700.2-13/ RG-3691.2-13	Бақылап тексерудің үлгі парағы
KMG-F-3701.2-13/ RG-3691.2-13	Көліктік тасымалдардың тұрақты желілерінің паспорттары
KMG-F-3702.2-13/ RG-3691.2-13	Тәуекелдерді бағалау кезінде ескерілуі тиіс факторлар
KMG-F-3703.2-13/ RG-3691.2-13	Ықтимал тәуекелдер тізбесі және оларды азайту жөніндегі шаралар
KMG-F-3704.2-13/ RG-3691.2-13	Жол жүру маршрутындағы қауіпті учаскелерді есепке алу журналы
KMG-F-3705.2-13/ RG-3691.2-13	Көліктік тасымалдың үлгілік жоспары
KMG-F-3706.2-13/ RG-3691.2-13	Желіге шығарда және желіден қайтып келгеннен кейін автомобильдің жай-күйін бақылаудың технологиялық картасы
KMG-F-3707.2-13/ RG-3691.2-13	Көлік жөніндегі механиктердің немесе КҚ-ның техникалық жай-күйі үшін жауапты адамдардың жеке қорғаныш құралдарының және құрал-саймандарының тізбесі
KMG-F-3708.2-13/ RG-3691.2-13	БТП аспаптық бақылау құралдарының тізбесі
KMG-F-3709.2-13/ RG-3691.2-13	«Жол жүру қауіпсіздігі» КҚ арнайы жабдықтары мен құралдарының, жарақтарының тізбесі
KMG-F-3710.2-13/ RG-3691.2-13	Жүргізушілермен ЖЖЕ бойынша сабақ өткізудің оқу жоспары
KMG-F-3711.2-13/ RG-3691.2-13	Жүргізушілер құрамымен өткізілген сабақтарды есепке алу журналы

KMG-F-3712.2-13/ RG-3691.2-13	Жүргізуші (машинист) ретінде жұмысқа алғаш кіретін, КҚ мен Арнайы техниканың жаңа моделіне ауыстырылатын жүргізушілерді (машинистерді) арнайы даярлаудың тақырыптық жоспары
KMG-F-3713.2-13/ RG-3691.2-13	Тағылымдаманың ұсынылатын мерзімдері
KMG-F-3714.2-13/ RG-3691.2-13	Жүргізушінің (машинистің) арнайы даярлықтан және тағылымдамадан өту парағы
KMG-F-3715.2-13/ RG-3691.2-13	ҚМГ компаниялар тобындағы көлік қауіпсіздігі бойынша бағалау парағы

8. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

8.1. Регламент, сондай-ақ оған барлық толықтыруларды және/немесе өзгерістерді ҚМГ Басқармасы бекітеді.

8.2. Осы Регламентте реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, ҚМГ Жарғысымен және ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйін ішкі тексеру кезеңділігі

№ р/н	Көлік құралының түрі	Тексеру (қарау) жүргізетін тұлға	Ұсынылатын жиілік	Құжаттау қажет
1	*2*	*3*	*4*	*5*
1	Көлік құралдарының барлық түрлері	Жүргізуші	Күн сайын, желіге шығарда	Талап етіледі, KMG-F-3699.2-13/ RG-3691.2-13 нысанына сәйкес
2	Көлік құралдарының барлық түрлері	Жүргізушінің қатысуымен көлік құралдарының техникалық жай-күйіне жауапты адам	Күн сайын, желіге шығарда	Талап етіледі, жол парағында белгілеу
3	Арнайы техника	Жүргізушінің қатысуымен көлік құралдарының техникалық жай-күйіне жауапты адам	Ай сайын	Талап етіледі, KMG-F-3700.2-13/ RG-3691.2-13 нысанына сәйкес
4	Қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдары	Жүргізушінің қатысуымен көлік құралдарының техникалық жай-күйіне жауапты адам	Апта сайын:	Талап етіледі, KMG-F-3700.2-13/ RG-3691.2-13 нысанына сәйкес
5	Жеңіл және жүк автомобильдері	Жүргізушінің қатысуымен көлік құралдарының техникалық жай-күйіне жауапты адам	Ай сайын	Талап етіледі, KMG-F-3700.2-13/ RG-3691.2-13 нысанына сәйкес
6	Жолаушылар тасымалдайтын автобустар	Жүргізушінің қатысуымен көлік құралдарының техникалық жай-күйіне жауапты адам	Ай сайын	Талап етіледі, KMG-F-3700.2-13/ RG-3691.2-13 нысанына сәйкес

Қауіпсіз жүргізу бойынша ҚҚБМЖ параметрлері

№ р/н	Параметрлер атауы	Түсініктемелер
Міндетті бақылау параметрлері		
1	ҚҚ жұмыс күні мен уақыты (мин.)	Жұмыстың нақты уақыт көрсеткіштерін және автокөліктің тұрып қалуын тіркейді
2	ҚҚ жүріп өткен жолы (км)	Нақты уақыт аралығында автокөліктің жүріп өткен жолын тіркейді
3	ҚҚ қозғалыс жылдамдығы (км/сағ)	Автомобильдің жылдамдық режимін, тоқтауын, тұруын тіркейді
4	Дайындаушы зауыт жасаған сезбек болған кезде, қауіпсіздік белдігін пайдалануды және дыбыс сигналын қосуды бақылау	Жүргізушіге оның немесе жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қағидаларын бұзғаны туралы ескертеді, ол кезде жүргізуші автомобиль қозғалысын бастамауы тиіс
5	Жылдамдату немесе тежеу кезінде және жылдамдық артқан жағдайда дыбыстық сигналдың қосылуы	Жүргізушіге бағдарламамен белгіленген жылдамдық режимі бұзылғанын және қозғалыс жылдамдығының күрт өзгерістерін ескертеді және тіркейді
6	Белгіленген жылдамдату мен бәсеңдеулер шегінен асып кету санын, мүмкін болатын авариялық жағдайларды (жүргізушінің жұмыс көрсеткішін бағдаршам түрінде немесе графикалық түрде) көрсететін және тіркейтін оқиғалар журналы	Қозғалыс кезінде жүргізушінің дұрыс емес әрекеттерін талдауға және осы деректер негізінде оқыту жүргізуге мүмкіндік береді
7	ҚҚ қозғалыс кезінде және сапар маршрутын on-line (нақты уақыт) режимінде бақылау	ҚҚ қозғалысын қадағалау мүмкіндігі (бағыттан ауытқу, рұқсат етілген геоаймақтан шығып кету) жүргізушіні тәртіпке келтіреді және маршруттан байқаусыз ауытқуға мүмкіндік бермейді. Мұндай бақылау ҚҚ-мен байланыс жоғалған жағдайда, оның орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік береді
Ұсынылатын қосымша бақылау параметрлері (ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе мердігерлік ұйымның шешімі бойынша белгіленеді)		
8	ҚҚ-ның кедергіге соқтығысуын немесе оның қатты көлбеу қисаюын, ЖКО тіркеу	Жүргізушіні кез келген ЖКО-ны жасыру, мүмкін болатын авариялық жағдайларды талдау мүмкіндігінен айырады
9	«SOS» дабыл белгісін ҚҚ-дан базалық станцияға беру	ҚМГ жауапты қызметкерлері жүргізуші мен жолаушылардың денсаулық жағдайының нашарлауына, ЖКО, ҚҚ сынуы, шабуыл немесе автомобильді тартып алу туралы хабарламаларға, егер жүргізуші адасқан болса немесе оған өзге де шұғыл көмек қажет болса, жедел ден қоя алады

Жұмыскерлерді ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық тексеру журналы

(ұйымның атауы)

Жұмыскерлерді ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық тексеру журналы
(ұйымның құрылымдық бөлімшесінің атауы)

(цех, участке, бөлім, зертхана)

_____басталды
_____аяқталды

Күні, уақыты	№ р/н	Ауысым алдында медициналық тексеру жүргізілген қызметкердің жұмыс орнының (құрылымдық бөлімшесінің), мамандығының атауы не осы мәліметтерді анықтауға мүмкіндік беретін табельдік нөмірі	Жұмыс түрлері	Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық тексеру жүргізілген қызметкердің аты-жөні	Денсаулығына шағымы	Дене температурасы	Қан қысымы	Тамыр соғысы	Алкогольдің, есірткі, психотроптық заттардың, сол тектес заттардың, уытты немесе басқа да есеңгіретететін заттардың бар-жоғы	Жұмысқа жіберілгені туралы (жіберілмегені туралы) белгі	Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық тексеру жүргізген медицина қызметкерінің аты-жөні, қолы	Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық тексеруден өткен қызметкердің қолы
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*	*8*	*9*	*10*	*11*	*12*	*13*

Алыс сапарға немесе іссапарға шығатын жүргізушілерге (машинистерге) нұсқама жүргізуді тіркеу журналы

р/с №	Нұсқама жүргізу күні:	Нұсқама алушының аты-жөні, жүргізуші куәлігі №	Автокөлік құралының маркасы және мемлекеттік №	Жол парағы №	Жол жүру маршруты	Жүктің атауы	Шығу күні		Қайту күні		Нұсқама берушінің қолы	Нұсқама алушының қолы
							жоспар	дерек	жоспар	дерек		
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*	*8*	*9*	*10*	*11*	*12*	*13*

Ескерту - Нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген журнал колонна бастығында және БТП бақылау механигінде немесе бұйрықпен тағайындалған жауапты тұлғада болады.

Желідегі жүргізушілердің (машинистердің) жұмысын бақылау және КҚ мен Арнайы техниканың техникалық жай-күйін тексеру актісі

Басшының шешімі (цех/учаске)

_____

(Цех/учаске)

_____

_____

(Лауазымы, қолы)

Ескерту: актілер ЖЖҚ инженерінде немесе бұйрықпен тағайындалған жауапты тұлғада сақталады.

Желідегі жүргізушілердің (машинистердің) жұмысын бақылау және КҚ мен арнайы техниканың техникалық жай-күйін тексеру актісі

«___» _____ 20___ж.

Жұмыс тобы құрамында

_____

_____

(Аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны)

_____

_____

Бұл ретте мынадай КҚ мен арнайы техника тексерілді:

р/с №	Уақыты	КҚ маркасы мен нөмірлік белгісі	Жүргізушінің (машинистің) аты-жөні	Анықталған бұзушылықтар	Бұзушылық орнында қабылданған шаралар
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*

Барлық тексерілген КҚ _____ Анықталған бұзушылықтар _____

Басқа анықталған ескертулер мен қабылданған шаралар:

_____

Ұсыныстар:_____

Тексерушілердің қолдары: _____

_____

Ескертпе:

1. Актіде ескертулердің бар-жоғына қарамастан, барлық тексерілген КҚ көрсетіледі.
2. Ұсыныстарда жол жүру қауіпсіздігінің жай-күйін жақсартуға бағытталған, жүргізушілерді (машинистерді) және басқа да адамдарды жауапкершілікке тарту туралы, ескертусіз жұмыс істейтін жүргізушілерді (машинистерді) көтермелеу туралы шаралар және т.б. көрсетіледі.
3. Ресімделген актіні міндетті түрде цех/учаске басшысы қарайды, ол өз шешімін жазады, жазба нақты болуы тиіс, түсініксіз тұжырымдарға жол берілмейді. Басшының шешімі жазылған акт орындаушыға қол қойғызып беріледі.

КҚ мен Арнайы техниканың желіге шығуын бақылау және техникалық ақауы себебінен желіден қайтуын есепке алу журналы

р/с №	Жүргізуші-нің (машинис-тің) аты-жөні	КҚ марка-сы	Мем. №	Жол парағы нөмірі	Жол жүру марш-руты	Шығар-дағы спидометр көрсеткіші	Шығу күні мен уақыты		Келген кездегі спидометр көрсеткіші	Келу күні мен уақыты		Тапсы-рыс беруші	Бақылау механигі-нің қолы	Жүргізуші нің (машинис тің) қолы	Техникалық ақауы себебінен желіден қайтуы	
							Жос пар	Факт		Жосп ар	Факт				Күні мен уақыт ы	Ақаулық сипаты
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*	*8*	*9*	*10*	*11*	*12*	*13*	*14*	*15*	*16*	*17*

Ескерту - Нөмірленген және тігілген журнал бақылау механигінде немесе бұйрықпен тағайындалған жауапты тұлғада болады.

Жол парақтарының қозғалысын есепке алу журналы

р/с №	Жол парағы нөмірі	Жол парағы берілген күн	Жүргізушінің (машинистің) аты-жөні	Көлік құралының тіркеу нөмірі	Жол парағын алғаны туралы жүргізушінің (машинистің) қолы	Жүргізуші-ден (машинис-тен) жол парағы мен құжаттар алынған күн, диспетчер-дің қолы	Ескертпе
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*	*8*

Ескертпе - Нөмірленген және тігілген журнал цех/учаске диспетчерінде немесе бұйрықпен тағайындалған жауапты тұлғада болады.

КҚ жарамдылығы мен қауіпсіздігін жүргізушінің
өзін-өзі тексеріп бақылау парағы
(Жүргізушіде сақталады)

КҚ нөмірі _____ **Шақыру №** _____

Күн сайын жүргізуші жұмыс ауысымының алдында КҚ-ны өзін-өзі тексеріп бақылау парағы бойынша тексеруге, оны толтыруға және оған қол қоюға міндетті. Толтырылған өзін-өзі тексеріп бақылау парақтары жүргізушіде болуы және тексеруші тұлғаларға ұсынылуы тиіс.

Бақылау мәртебесінің шартты белгілері:
+ сәйкес келеді – сәйкес келмейді қлм – қолданылмайды

Күні:							
Спидометр\километраж (км)							
Құжаттар: жүргізуші куәлігі, тіркеу туралы куәлік, КО техпаспорты, КО техникалық бақылауы, сақтандыру полисі, жол парағы							
Нұсқаулар топтамасы, Тасымалдау паспорты/жоспары, ТЖ кезіндегі іс-қимыл жоспары							
Кабинадағы жадынамалар: қауіпсіздік белдіктері, түрлі жолдардағы жылдамдық режимі							
Жарық шағылыстырғыш кеудеше							
ККБМЖ							
Дәрі қобдишасы (саны)							
Өрт сөндіргіш (саны)							
Домкрат және баллон кілті							
Тұрақтау тежегіші							
Авариялық белгі (саны)							
Қосалқы доңғалақ							
Ішкі және сыртқы тазалық							
Салондағы ақпараттық белгілер мен қауіпсіздік тақтайшалары							

Фаралар/Сыртқы жарық аспаптары.							
Аккумулятор, сымдар жүйесінің жай-күйі							
Дыбыстық сигнал және артқы жүріс сигналы							
Бұрылыс көрсеткіштері							
Шиналар							
018/2011 КО ТР талаптарына сәйкес келетін қысқы шиналар (M1 және N1 санаттағы КҚ үшін желтоқсан-ақпан кезеңінде)							
Доңғалақтарды үрлеу жүйесі							
Айналар							
Әйнек тазартқыштар							
Шығару жүйесінің герметикалығы							
Рульдің гидрокүшейткіші							
Майдың, салқындату сұйықтығының, тежегіш сұйықтығының деңгейлері							
Тежеу жүйесі							
Меңгерімдік басқару люфті							
Кері сырғуға қарсы тіреулер (саны)							
Алдыңғы, артқы, бүйір әйнектер							
Кабина мен салондағы жылытқыштар							
Кабинада мен салондағы жарық							
Есіктер ішінен және сыртынан ашылады							
Басқыштар мен тұтқалар							
Кабина мен салондағы барлық қауіпсіздік белдіктерінің жарамдылығы/болуы							
Отын ағып кетпеуі							
Жарамды аспа							
Тіркеп сүйреу сымарқаны							
Ұшқын сөндіргіш							
Жүктің сенімді бекітілуі							

Рация							
Жүк платформасы борттарының тиектері							
Цистерна аузының тиектері және отын бактарының тығындары							
Жүргізуші мен жолаушылардың орындықтарын реттеу және бекіту құрылғылары.							
Есіктердің авариялық ажыратқышы және автобуста тоқтауды талап ету сигналы.							
Автобустың авариялық шығу жолдары және оларды іске қосу құрылғылары.							
Конструкцияда көзделген артқы қорғаныш құрылғысының, балшықтан қорғайтын алжапқыштар мен шашыратқыштардың болуы.							
КҚ конструкциясында көзделген әйнектер мен күнқағарлардың болуы.							
Тартқыш және тіркеме буынның тартқыш-тіркеме және тірек-тіркеме құрылғысының жарамдылығы							
Конструкциясында көзделген сақтандыру сымарқандарының (шынжырлардың) болуы/жарамдылығы							
Салмағы 3,5 т артық жүкке арналған КҚ-да және автобустарда кері сырғуға қарсы тіреулер (кемінде екеу)							
Жүргізушінің аты-жөні, қолы							

Анықталған ескертулер:

_____

_____

Бақылап тексерудің үлгілік парағы

Осы бақылау қарап-тексерудің үлгі парағы ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарына/тасымалдауды жүзеге асыратын/жұмыстарды орындайтын мердігерлік ұйымға тиесілі автокөлік құралдары мен тіркемелерді (жартылай тіркемелерді) одан әрі пайдалануға жарамдылығын бағалауға арналған.

Жүргізушінің аты-жөні				
Көлік құралының меншік иесі				
Көлік құралының маркасы, моделі				
Көлік құралының арналуы				
Тіркеу нөмірі		Сәйкестендіру нөмірі		
Көлік құралының шығарылған жылы		Пайдалану басынан бергі жүріп өткен жолы		
Тексеру жүргізу орны				
Тексеру жүргізу күні		Тексеру жүргізген адамдар		
Автомобильдің техникалық жағдайы		Нормасы (болуы)	Ауытқу (болмауы)	Ескертпе
Тежеу жүйесі				
Жұмыс істеп тұрған тежегіш жүйесінің тежеу тиімділігі		☐	☐	
Пневматикалық тежегіш жетегінің герметикалығы		☐	☐	
Гидравликалық тежегіш жетегінің герметикалығы		☐	☐	
Манометр, дабыл жүйесі		☐	☐	
Тұрақтау тежегіш жүйесімен ұстау		☐	☐	
Тежегіш жүйесі элементтерінің жай-күйі		☐	☐	
Меңгерімдік басқару				
Жиынтық люфт (шамасын градуспен көрсету)				
Бөлшектерді, люфтілерді ауыстыру, бұрандалы қосылыстарды бекіту		☐	☐	
Меңгерімдік басқару күшейткіші		☐	☐	
Меңгерімдік басқару элементтерінің жай-күйі		☐	☐	
Сыртқы жарық аспаптары, электр жабдықтары, кабина (салон)				
Алыс және жақын жарық фаралары, қосымша фаралар		☐	☐	
Тұманға қарсы фаралар		☐	☐	
Тежеу сигналдары		☐	☐	
Габариттік шамдар		☐	☐	
Бұрылыс көрсеткіштері, авариялық дабыл жүйесі		☐	☐	
Тіркеу белгісінің жарық шамы		☐	☐	
Артқы жүріс оттары		☐	☐	
Жарық қайтарғыштар		☐	☐	
Аспаптарды ішкі жарықтандыру		☐	☐	

Дыбыстық сигнал	☐	☐	
Спидометр, тахометр, тахограф	☐	☐	
Ауа баптағыш, жылытқыш	☐	☐	
Әйнектерді жылыту және үрлеу құрылғысы	☐	☐	
КҚ артқы жүрісі кезіндегі дыбыстық сигнал	☐	☐	
Сыртқы және ішкі түрі, жабдық			
Әйнек тазартқыштар, щеткалар	☐	☐	
Әйнек жуғыштар	☐	☐	
Әйнектер (шолу мүмкіндігі, мөлдірлігі, бүтіндігі)	☐	☐	
Артқы көрініс айналары	☐	☐	
Есіктердің құлыптары, борттардың, цистерналар аузының тиектері	☐	☐	
Тарту-тіркеу құрылғысы	☐	☐	
Шығыр және қашықтықтан басқару	☐	☐	
Шанақтың зақымдары	☐	☐	
Тазалық	☐	☐	
Резеңке төсемдер	☐	☐	
Бас тіреуіштер	☐	☐	
Қорғаныш алжапқыштар, бүріккіштер	☐	☐	
Доңғалақтар мен шиналар			
Протектордың тозуы	☐	☐	
Шиналардың зақымдары	☐	☐	
Шинадағы қысым	☐	☐	
Шиналарды орнату	☐	☐	
018/2011 КО ТР талаптарына сәйкес келетін қысқы шиналар (М1 және N1 санаттағы КҚ үшін желтоқсан-ақпан кезеңінде)	☐	☐	
Доңғалақтардың дискілері мен жиектерін бекіту, олардың жай-күйі	☐	☐	
Қосалқы доңғалақ	☐	☐	
Домкрат, баллон кілті	☐	☐	
Сорап	☐	☐	
Қозғалтқыш және оның жүйелері			
СО және СН құрамы (шамасын пайызбен көрсету, %)			
Дизель қозғалтқышының түтінділігі (шамасын пайызбен көрсету, %)			
Қозғалтқыштағы май деңгейі	☐	☐	
Антифриз деңгейі	☐	☐	
Әйнек жуғыштағы су деңгейі	☐	☐	
Ілінісу цилиндрлерінің және тежегіштердің сұйықтық деңгейі	☐	☐	
Меңгерімдік басқару гидрокүшейткішінің сұйықтық деңгейі	☐	☐	
Электролит деңгейі және батарея клеммасының бекітілу сенімділігі	☐	☐	
Жетекті белдіктер	☐	☐	
Қуат беру жүйесі	☐	☐	

Шығару жүйесі	☐	☐	
Қауіпсіздік құралдары			
Қауіпсіздік көпшіктері	☐	☐	
Бұғаттауға қарсы жүйе (БҚЖ)	☐	☐	
Қауіпсіздік белдіктері	☐	☐	
Алғашқы көмек дәрі қобдишасы	☐	☐	
От сөндіргіш	☐	☐	
Авариялық тоқтау белгісі	☐	☐	
Тіркеп сүйреу сымарқаны	☐	☐	
Қолшам	☐	☐	
Жарық шағылыстырғыш кеудеше	☐	☐	
Кері сырғуға қарсы тіреулер	☐	☐	
Ұшқын сөндіргіш (қажет болған жағдайда)	☐	☐	
Статикалық электрді жоятын құрылғы (қажет болған жағдайда)	☐	☐	

Бұл көлік құралы компанияның ең төменгі талаптарына және ЖЖЕ талаптарына сәйкес келеді	Иә ☐	Жоқ. ☐
Түсініктемелер:		

Тексеру жүргізген адам:		Қолы:	Көлік құралының жүргізушісі:		Қолы:

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының/автокөлік ұйымының толық атауы:

Көліктік тасымалдаудың тұрақты желілерінің паспорты (үлгілік нысан)

Бекітемін:
(Цех/участке басшысы немесе тұрақты желілердің паспорттарын бекіту функциялары жүктелген адам)

Маршрут атауы:	Маршрут №
Маршрут түрі: ☐ Кәсіпішілік ☐ Аралық ☐ Қалалық ☐ Қалааралық ☐ Арнайы	

..... дейін жарамды.

Маршруттың жалпы ұзындығы, км		Орташа пайдалану жылдамдығы, км/сағ	Жазда	Х
			Қыста	

Маршруттағы жолдың сипаттамасы

Жол жүру бөлігінің және жол жиегінің ені, жол жабыны түрі (ұзындығын көрсете отырып, учаскелер бойынша):
Қауіпті қиылыстар, жол белгілерінің болмауы (қай пункттер арасында немесе нешінші километрде):
Көпірлердің болуы және олардың жүк көтергіштігі/темір жол өтпелерінің болуы (қай пункттер арасында немесе нешінші километрде):
Елді мекендердегі ұйымдаспаған жаяу жүргінші өтпежолдары (мектептер, басқа мекемелер қай пункттер арасында немесе нешінші километрде):

Жол бойындағы үй/жабайы жануарлар (қай пункттер арасында немесе нешінші километрде):

Қауіпті учаскелер, факторлар, ЖКО ахуалдық талдау	Пункт/километр	Ұсынылатын шаралар
Маршруттағы уақытша өзгерістер (қозғалыс жылдамдығын өзгерту, айналма жолдар енгізу, жөндеу жұмыстары, қозғалысты тоқтату)	Өзгертілген күні	Өзгерту себебі

Жүргізуші (аты-жөні, қолы)	*ЖЖҚ қызметі (аты-жөні, қолы)*

Тәуекелдерді бағалау кезінде ескерілетін факторлар

Жол параметрлері	– жол жүру бөлігінің ені; – жол жүру бөлігінің үстіңгі бетінің сипаттамасы; – жол ақаулары; – қиылыстар конфигурациясы; – жол таңбалары; – жол белгілерінің, бағдаршамдардың орналасуы; – жолдың көрінуі және шолу мүмкіндігі; – көтерілу (түсу) шамасы, көлденең еңіс шамасы, кювет тереңдігі; – дөңгелектеу радиусы; – жол құрылыстары; – жол бойындағы жолақ (кюветтер, қиябеті және т.б.);
Жол ақаулары	– толқындар; – отырып қалуы; – шұңқырлар; – қырқалар; – табанжол; – жол жабынының ығысуы;
Жол жиектері мен бөлу жолақтары	– жол жүру бөлігіне іргелес жиектің деңгейі; – нығайту жолақтарының жай-күйі; – жол жиегінің ені; – топырақ жиектерінің зақымдары;
Жоспардағы көріну	– автомобиль жолдарының қиылыстарында; – көтерілеберістерде және бұрылыстарда; – күзетілмейтін темір жол өтпелерінде;
Жол белгілері	– жол белгілерінің болуы (болмауы); – уақытша орнатылған белгілер;
Жол таңбалары	– жол таңбаларының болуы (болмауы);
Жол қоршаулары	– Көпірлер мен жол өтпелерінде жол қоршауларының болуы (болмауы); – зақымдалған қоршау элементтерінің болуы;
Сыртқы жарықтандыру	– жоғары қауіпті жерлерде жұмыс істеп тұрған шамдардың болуы (болмауы);
Сапардың ұзақтығы	– жол бойында демалыс орындарының болуы; – ұйымдастырылған тамақ ішу пункттерінің болуы; – ЖҚС/ ГҚС болуы;
Жер бедері	– созылмалы көтерілу, түсу жолдарының болуы; – тау бөктерлері, серпантиндер;
Метеорологиялық жағдайлар	– жауын, қар, тұман, шаңды боран; – маршрут учаскелерін су басу мүмкіндігі; – көктайғақ, мұздақ; – экстремалды ауа температурасы;
Қауіпсіздік	– жолаушыларды түсіру мен отырғызу жоспарланған орындардың қауіпсіздігі; – көлік құралына немесе оның жүргізушісіне, жолаушыларына қатысты қылмыстық іс-әрекеттердің орын алу қатері;

	– қосымша қауіпсіздік шараларын қабылдау қажет болатын аудандардың болуы;
Автомобиль жолдарындағы қозғалыс қарқындылығы	– қозғалыс жылдамдығы режимі; – қозғалыс қарқындылығы; – қозғалыстың реттелуі; – жалпықалалық және аудандық маңызы бар магистральды көшелер; – жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдар; – ірі габаритті КҚ мен қауіпті жүктердің жүруін шектеу;
Жануарлар, құстар	– жол жүру бөлігінде жануарлар мен құстардың пайда болу ықтималдығы;
Елді мекендер	– қозғалыс маршрутының елді мекен арқылы өтуі; – қозғалыс маршрутында балалар мекемелері мен тұрғын және тынық аудандардың болуы; – реттелетін жаяу жүргіншілер қозғалысының болуы, болмауы;
Өнеркәсіп кәсіпорындары, коммуникация объектілері	– мұнай, газ, жылу, электр және басқа да объектілер мен коммуникациялардың болуы;
Авариялық	– қозғалыс учаскелеріндегі ЖКО деңгейі;
Желідегі көлік құралының ақаулығы	– желіде болған кезде КҚ сынуы; – сынудың тасымалдарды орындауға әсері; – техникалық қызмет көрсету пункттерінің болуы;
Қоршаған орта	– табиғат қорғау объектілерінің, су қорғау аймақтарының болуы;
Байланыс, коммуникация	– қозғалыс маршруты бойында тұрақты байланыстың болуы (болмауы); – байланыс орнату мүмкіндігі бар орындардың болуы;
Төтенше жағдайларда қолдау	– бүкіл маршрут бойы көмек алу мүмкіндігі; – медициналық пункттердің болуы.

Ықтимал тәуекел-факторлар тізбесі және оларды азайту жөніндегі шаралар

Тәуекел-факторлар	Тәуекел-факторларды азайту жөніндегі шаралар
Тәуліктің қараңғы мезгілінде жылдамдықты дұрыс таңдау – кюветке түсіп кету немесе аударылу	– қозғалыс жылдамдығын жолдың осы учаскесінде рұқсат етілген ең жоғары жылдамдықтан кемінде 10 км/сағ шамаға төмендету. Жол белгісі, жол бұралаңқы болмаған кезде жылдамдықты осы жол учаскесіндегі шекті рұқсат етілген жылдамдықтан екі есе төмендету (ең төменгі жылдамдық шектелмеген кезде);
Тәуліктің қараңғы мезгілінде жол бұрылысында немесе жол дөңгелектелген жерде қарама-қарсы жол айырығы – қарсы автокөлікпен соқтығысу	– тәуліктің қараңғы мезгілінде қозғалу кезінде жылдамдықты ең жоғары рұқсат етілген жылдамдықтан кемінде 10 км/сағ төмендету талабы, оған қоса бұрылысқа, қарама-қарсы жол айырығына жақындаған кезде жылдамдықты қосымша алдын ала төмендету қажеттілігі;
Жол жиегіне шығатын қарама-қарсы жол айырығы – кюветке түсіп кету немесе аударылу	– жол жиегінен тым алыс кетпеу – ондағы бар протектор іздерінен алыс кетпеу; – жол жиегі жол жүру бөлігімен жанасып жатса, сусымалы құм немесе жұмсақ саз болған кезде – жол жиегіне тек азғантай жылдамдықпен ғана шығу керек;
Қозғалыс жолағында кедергілері бар қарама-қарсы жол айырығы – кюветке түсіп кету немесе аударылу, қарама-қарсы автокөлікпен соқтығысу	– қарама-қарсы жол айырығы кезінде жылдамдықты төмендету; – шұңқырларды азғантай жылдамдықпен жүріп өту, мұндай кезде шұңқырларды қарама-қарсы жолаққа немесе жол жиегіне шығып айналып өтуге тырыспаңыз;
Басып озу-айналып өту – үшінші көлік құралымен қарама-қарсы соқтығысу, алда келе жатқан автокөлікпен соқтығысу	– басып озу жылдамдығы 40 км/сағ дейін болған кезде жолды шолу мүмкіндігі жеткілікті (шамамен 400 м) болуы тиіс, басып озу жылдамдығы 80 км/сағ жуық болған кезде бос қарама-қарсы жолақты шолу мүмкіндігі жеткілікті (шамамен 800 м) болуы тиіс; – басып озатын автомобильге оны басып озарда қатты жақындамау;
Көктайғақ, қар басу	– көктайғақ кезінде қозғалыс жылдамдығын рұқсат етілген ең жоғары жылдамдықтан екі есе төмендеткен жөн; – орнынан біртіндеп, дөңгелектерді жұлқымай қозғалу; – ілінісуді өшірмей, біртіпден тежеу, қажет болған жағдайда, төмен беріліске ауысу; – берілістерді жылдам ауыстыру, бейтарап беріліс кезінде қозғалыста болу уақытын қысқарту; – жол жағдайларына сәйкес келетін жылдамдықпен қозғалу; – рөл дөңгелегінің күрт айналдырмау;
Топырақ жолдар, өткелдер	– жол жағдайларына сәйкес келетін жылдамдықпен қозғалу; – жолдың тайғақ және тегіс емес учаскелерінен жүріп өту кезінде берілісті ауыстырып қоспау; – өткелді шолу, жүретін жерді алдын ала таңдау;
Үлкен қашықтықтар	– Еңбек және тынығу режимін сақтау, шаршау, қажу немесе ұйқы белгілері алғаш пайда болған кезде тоқтап тынығу;

	– сапар алдында ұйықтап, тынығып алған жөн;
